МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №78 (6529) 17 қыркүйек, сейсенбі, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

САРАПТАМА



С5+1 форматы:

## «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ГЕРМАНИЯ»

2

РЕФЕРЕНДУМ – 2024



## АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМ

Жаһандық үрдіс не дейді?

5

БАЙЫПТАМА




## ДҮБІРЛІ ДОДА

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарынан кейінгі ой

8

АҚОРДА

# ТАРИХИ МӘНІ ЗОР ҚАДАМ

### Екіжақты ынтымақтастыққа – тың серпін



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Германияның Федералды канцлері Қазақстанға ресми сапармен келді. Олаф Шольц «Орталық Азия + Германия» екінші саммитіне қатысады.**

Саммит аясында сауда-экономикалық өзара іс-қимыл мен бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, кең ауқымды бағыттар бойынша стратегиялық ынтымақтастық пен әріптестік мәселелерін талқылау жоспарлануда.

Ақорда» резиденциясында мәртебелі меймманды салтанатты қарсы алу рәсімі өткеннен кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Олаф Шольц шағын құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы шақыруын қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгені үшін Олаф Шольцке ризашылығын білдірді.

– Германия Үкіметінің басшысы соңғы 14 жылда елімізге алғаш рет сапармен келіп отыр. Сондықтан бұл қадамыңыздың тарихи мәні зор. Екіжақты ынтымақтастықты дамытуға және тауар айналымының көлемін ұлғайтуға тың серпін береміз деп сенемін. Германия – біздің Еуропадағы, тіпті жаһандағы негізгі серіктесіміз. Бұл – өте маңызды. Біз қарқынды дамып келе жатқан көпқырлы ықпалдастығымызға баса мән береміз. Өзара байланыстарымызды одан әрі тереңдетуге және нығайтуға барлық жағдайды жасаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2

ҚАЛА КҮНІ

# АЛМАТЫ - БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

**Биыл алматылықтар дәстүрлі Қала күні мерекесін шат-шадыман көңіл күйде атап өтті. Мереке күні көктегі күн де мейірімін төгіп, ерекше жарқырап тұрды. Алматының мерекесі қала тұрғындарына ерекше сезім, жастарға шабыт сыйлады.**

**Мереке күніндегі басты шаралардың легіне тоқталсақ...**




6-7,12

Суретті түсірген Қайрат КОНЫСБАЕВ.

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**
*(бүгін және ертең)*

**17.09.2024**

**Түнде:**
**+10+12 °С**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:**
**+20+22 °С**
Көшпелі бұлтты, кешке жаңбыр, найзағай.

**Желдің жылдамдығы:**
3-8, найзағай кезінде екпіні 18м/с

**18.09.2024**

**Түнде:**
**+6+8 °С**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:**
**+20+22 °С**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Желдің жылдамдығы:**
3-8м/с

www.aqshamnews.kz

9 772223 237006

АҚОРДА

# ТАРИХИ МӘНІ ЗОР ҚАДАМ

## Екіжақты ынтымақтастыққа – тың серпін

(Басы 1-бетте)



### Қазақ-герман қарым-қатынастарын өркендету бағдарлары

Германия Канцлері Олаф Шольц қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, қазақ-герман қарым-қатынастарын өркендетудің маңызды екенін жеткізді.

*– Еліңізге сапармен келуге шақырғаныңызға, екіжақты байланыстарды талқылауға және ынтымақтастығымызды ілгерілетуге мүмкіндік жасағаныңызға ризашылығымды білдіремін. Менімен бірге іскер топтардың белді өкілдері келді,* – деді Федералдық канцлер.

Әңгіме барысында екі елдің саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарын нығайту мәселесі талқыланды. Атап айтқанда, энергетика, «жасыл» трансформация, өнеркәсіп, тау-кен өндірісі, көлік-логистика, климаттың өзгеруі, экология, ауыл шаруашылығы және білім беру салаларындағы ықпалдастыққа айрықша мән берілді.

***БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ***

***• Германия Қазақстанның маңызды сауда және инвестициялық серіктесі саналады.***
***• Биылғы 7 айда өзара сауда көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13%-ға өсіп, $2,3 млрд-ты құрады.***
***• Өткен жылдың қорытындысы бойынша Германиядан Қазақстанға тікелей инвестициялар көлемі 64%-ға ұлғайып, $770 млн-ға жетті. Қаражаттың негізгі бөлігі басымдық беріліп отырған экономиканың шикізаттық емес секторын дамытуға бағытталған.***

Кездесуде Олаф Шольцтің өтінішімен Қасым-Жомарт Тоқаев Украина төңірегіндегі жағдайды реттеуге байланысты пікірін жеткізді.

*– Әскери тұрғыда Ресейдің жеңілмейтіні анық. Соғыс бұдан әрі өрши берсе, барша адамзатқа, ең алдымен, Ресей–Украина қақтығысына тікелей қатысы бар мемлекеттерге салдары өте ауыр тиеді. Өкінішке қарай, Стамбул келісімін бекітуден бас тартып, татуласуға қол жеткізетін оңтайлы мүмкіндікті уыстан шығарып алды. Дегенмен, бейбітшілік орнатуға әлі де мүмкіндік бар. Түрлі мемлекеттердің барлық бейбіт бастамаларын мұқият қарап, әскери іс-қимылдарды тоқтату туралы келісімге келу керек. Содан кейін территориялық мәселелерді талқылаған жөн. Біздіңше, Қытай мен Бразилияның бейбітшілік жоспары қолдауға тұрарлық. Мемлекеттер басшылары келеді, кетеді. Ал халық, әсіресе, көршілес халықтар бейбіт әрі бір-бірімен түсінісіп өмір сүруі керек. Қазақстанның Ресеймен дүние жүзі бойынша құрлықтағы ең ұзын шегенделген шекарасы бар. Біздің елдеріміз ынтымақтастық стратегиялық серіктестік пен одақтастық аясында дамып келеді. Қазақстандықтар украин халқы мен оның төл мәдениетіне шынайы құрметпен қарайды. Қазақстан мен Украина арасында ешқандай келіспеушілік болған емес. Киевте Елшілігіміз әлі де жұмыс істеп жатыр,* – деді Мемлекет басшысы.

### Ықпалдастықтың жаңа деңгейі

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Олаф Шольц ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді. Президент Канцлердің елімізге жасаған алғашқы ресми сапарының мәні зор екенін атап өтіп, бүгінгі кездесу Қазақстан мен Германияның көпқырлы ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

*– Біз жаңа ғана шағын құрамда екіжақты қарым-қатынасты одан әрі нығайту мәселесін талқыладық. Сауда-экономика, инвестиция салаларындағы ықпалдастықты тереңдетуге ерекше назар аударылды. Бұдан бөлек, өзекті халықаралық мәселелер туралы сөз қозғадық. Атап айтқанда, қазіргі геосаяси ахуалға, жаһандық қауіпсіздікке және аймақтық дамуға, климаттың өзгеруіне қатысты пікір алмастық. Сондай-ақ, халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастық мәселесін қарастырдық. Екіжақты қарым-қатынастар стратегиялық серіктестік рухында дамып келеді. Бүгінгі келіссөздер оның аясын кеңейте түсуге ықпал ететініне сенімдімін,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Германия Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің бірі және экономикамызға инвестиция салған жетекші елдердің санатына кіреді.

*– Былтыр екіжақты тауар айналымы 1,5 еседей өсіп, 4 миллиард долларға жуықтады. Биыл да оң динамика байқалып отыр. Соңғы жеті айда өзара сауда-саттық көлемі 2,3 миллиард доллардан асты. 2005 жылдан бері Германиядан шамамен 6,7 миллиард доллар көлемінде тікелей инвестиция тартылды. Бұл қаржының 90 пайызы шикізаттық емес секторға тиесілі екені қуантады. Бүгінде Қазақстанда неміс капиталының үлесі бар мыңнан астам компания жұмыс істейді,* – деді Президент.

### «Бүкіл әлемге үлгі сенімді әрі жүйелі ынтымақтастық»

Германияның Федералдық канцлері қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екіжақты байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды:

*– Сіздің еліңізге тікелей инвестиция салу және сауда айналымының көлемін арттыру үшін экономикалық байланыстарымызды жақсартуға барлық жағдайды жасаймыз. Әрине, экономикалық ынтымақтастықты барлық салада дамытқымыз келеді. Энергетика саласындағы серіктестігіміз дәйекті түрде алға жылжып келе жатқанына дән ризамыз. Екі ел арасында сенімді әрі жүйелі ынтымақтастық орнаған. Бұл – бүкіл әлемге жақсы үлгі. Сондай-ақ, біздің алдымызда тұрған халықаралық сын-қатерлер төңірегінде жан-жақты пікір алмасқанымызға қуаныштымыз,* – деді Олаф Шольц.

Тараптар өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыруға, әсіресе, энергетика, «жасыл» трансформация, тау-кен өнеркәсібі, көлік-логистика, климатты қорғау, экология және ауыл шаруашылығы салаларындағы ықпалдастықты күшейтуге мүдделі екенін растады. Сондай-ақ, қазақ-герман мәдени-гуманитарлық байланыстарын нығайту перспективасы қарастырылды.

**• Келіссөздер қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Федералдық канцлер Олаф Шольц Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы ынтымақтастық туралы Бірлескен декларация қабылдады Сонымен қатар, ресми делегация мүшелері бірқатар маңызды құжаттарға қол қойды.**

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**
**(Дереккөз: akorda.kz)**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

# С5+1 форматы: «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ГЕРМАНИЯ»

## Астана төрінде өтетін екінші саммит аясында стратегиялық ынтымақтастық пен әріптестік мәселелері талқыланады

***• Германия канцлерінің Орталық Азияға бұл сапары араға 14 жыл салып жалғасты. Германия үшін Орталық Азия аймағының маңызы қауіпсіздік, энергетика, шикізат көзі мен табиғи газ өнімдеріне деген сұранысы негізінде артып отыр. Германиялық Schwed мұнай өңдеу зауыты мұнай өнімдерінің 70%-ын Росток құбыры арқылы алса, 15%-ын Польшадағы Гданьск құбырынан және 15%-ын Қазақстаннан Дружба құбыры арқылы алады.***

**Кеше Германияның Федералды канцлері Олаф Шольц Қазақстанға ресми сапармен келді.**

Мәртебелі қонақ «Орталық Азия + Германия» екінші саммитіне қатысады, оның шеңберінде сауда-экономикалық өзара іс-қимыл мен бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, кең ауқымды бағыттар бойынша стратегиялық ынтымақтастық пен әріптестік мәселелерін талқылау жоспарлануда. Германия Қазақстанның маңызды сауда және инвестициялық серіктесі саналады. Биылғы 7 айда өзара сауда көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13%-ға өсіп, $2,3 млрд-ты құрады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Германиядан Қазақстанға тікелей инвестициялар көлемі 64%-ға ұлғайып, $770 млн-ға жетті. Қаражаттың негізгі бөлігі басымдық беріліп отырған экономиканың шикізаттық емес секторын дамытуға бағытталған.

Сонымен, мәртебелі қонақтың өткен жексенбі күні Өзбекстанның Самарқанд қаласынан бастау алған сапары елордамызда жалғасын тауып отыр. Шара барысында Астанада «С5+Германия» форматында мемлекет басшыларының кездесуі өтеді. Германия мен Орталық Азия елдері табиғи ресурстар, қоршаған ортаны қорғау, миграция, қауіпсіздік және қорғаныс салаларында байланыс аясын кеңейтуде. Тарихи түрде Германия мен Орталық Азия елдері арасындағы байланыс мығым болды. Бүгінде Орталық Азия елдерінде мыңдаған этникалық неміс ұлт өкілдері тұрады. Ресейдің 2022 жылы Украина жеріне шабуылы жалпы Еуропалық Одақ елдері мен Орталық Азия елдері арасындағы байланысты қайта қарап, жаңа деңгейге шығарды. Былтыр, Берлинде С5+1 форматында алғашқы кездесу өтсе, биыл Елордада мемлекет басшылары жиналуда. Мақаламызда Германия канцлері Олаф Шольцтың елімізге сапары аясында Орталық Азия елдері мен Германия Федеративті республикасы арасында байланыстың бүгіні мен болашағын талдап көрелік.

### Германия үшін Орталық Азия елдерінің біртұтас болуы маңызды

Соңғы жылдары аймақтық дипломатиялық байланыстан байқағанымыздай, Орталық Азия елдері кез келген сыртқы саяси күшпен ортақ пікір аясында, С5+1 форматында келіссөз жүргізуді құп көреді. Бұл біріншіден, аймақтың ішкі бірлігін көрсетсе, екіншіден, әрбір сыртқы саяси күш үшінде ортақ шешімге келуде тиімді болып отыр. Германия канцлерінің Орталық Азияға сапарын Өзбекстаннан бастауының себебі айқын. Негізгі себептерінің бірі – Германиядағы заңсыз миграция мәселесі. Соңғы жылдары Германияда таяу шығыстан келген мигранттар арасында қылмыс өршіп тұр. Әдетте жергілікті заңнамаға сәйкес, заңды белшесінен басқан мигранттарды еліне қайтару жүйесі қалыптасқан. Бірақ Германия Ауғанстаннан заңсыз келген мигранттарды, ресми Берлин мен Кабул арасында саяси байланыстың орнамағандығына байланысты еліне қайтара алмауда. Олаф Шольцтің Өзбекстанға жасаған жексенбі күнгі сапарында екі ел арасында көш қон саласында екі жақты келісімге қол қойылды. Нәтижесінде өзбекстандық азаматтар Германияда заңды түрде жұмыс жасай алады, есесіне Германия ауғанстандық заңсыз еңбек мигранттарын Өзбекстан арқылы өз елдеріне қайтаруға қол жеткізді.

### Ғылым мен білім, энергетика, экология салаларында байланыс артады

Астана төрінде жалғасатын Олаф Шольцтің екі күнде сапары аясында Қазақстан мен Германия арасында маңызды құжаттарға қол қойылып, екі ел арасында ғылым мен білім, энергетика, экология салаларында байланыс артпақ. Мемлекетаралық сауда көлемі соңғы жылдары бірнеше есеге артты. 2023 жылы Қазақстан Германияға 8,5 миллион тонна мұнай экспорттады, бұл Германияның жалпы мұнай импортының 11,7%-ын құрады. Украина жерінде соғыс басталғанға дейінгі көрсеткіш 6,5 миллион тонна болса, Ресей мен Еуропалық Одақ арасындағы экономикалық санкцияға байланысты көрсеткіш артуда. Германияның Федералды статистика қызметінің мәліметінше, Қазақстан мұнай экспорттауда Германияның АҚШ пен Норвегиядан кейінгі негізгі сауда серіктесіне айналды.

Kazakh Invest мәліметінше, Қазақстандағы неміс инвестициялары былтыр 2022 жылмен салыстырғанда 64%-ға өсті. Негізгі салалар: жасыл энергетика көздері, ғылыми технология, өндіріс, логистика бағыттарын қамтиды. Рейтер ақпарат агенттігінің мәліметінше, 2022 жылдың ақпанында Ресей Украинаға басып кіргеннен кейін Қазақстан мен Германия арасындағы сауда көлемі екі есеге жуық артып, 2022 жылы тауар айналымы алдыңғы жылмен салыстырғанда 89,5%-ға өсті. Бұл тұрғыда Қазақстанның бейтарап, көпвекторлық сыртқы саясатының маңызы өте зор болды деп есептейміз. Себебі, батыс елдеріне Орталық Азия елдерінің Қытай мен Ресей арасында балансқа негізделген бейтарап саясат ұстануы маңызды болып отыр.

### «Орта держава елдерінің әлеуеті артуы қажет»

Германия канцлері Олаф Шольц баспасөз беттерінде бірнеше рет әлем көп полярлы болып, орта держава елдерінің әлеуеті артуы қажет екенін айтқан. Себебі, жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде бүгінде орта держава елдерінің өзара тиімді қарым-қатынасы маңызды болып отыр. Былтыр, қыркүйек айында Орталық Азия аймағы Германия тарихында мемлекеттік деңгейде әріптестік орнатылған алғашқы аймақ болып танылды. Берлинде өткен Орталық Азия басшыларының С5+1 форматындағы алғашқы кездесуінен кейін, Олаф Шольцтің елімізге жасаған мемлекеттік сапары Орталық Азия – Германия байланысының дұрыс бағытта екендігінің айғағы.

Сонымен, соңғы екі жылда Германия мен Орталық Азия елдері қарым-қатынасының қайта жаңғыруы екі тарап үшін де маңызды қадам. Германия үшін Орталық Азия аймағы елдері баламалы логистикалық жолдары арқылы газ, мұнайдың негізгі көзі болса, Орталық Азия елдері үшін Германия технология, білім мен ғылым саласында тәжірибе алмасу алаңы әрі маңызды экономикалық нарық көзі.



**Нұрболат НЫШАНБАЕВ,**
**сарапшы.**

ТАҒАЙЫНДАУ



# Алатау ауданына жаңа әкім келді

**Алматы қаласы әкімінің өкімімен ҚР Президенті Әкімшілігінің және қала мәслихатының келісімімен Алатау ауданының әкімі лауазымына Талғат Малыбаев тағайындалды.**

Талғат Малыбаев 1987 жылы 20 желтоқсанда Қарағанды облысында дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «көлік» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2010 жылы Қарағанды қ. «Агро-Консалтинг – К» АҚ Стратегия және бюджеттік жоспарлау департаментінің маманы ретінде бастады.

Әр жылдары құрылыс компанияларында жұмыс істеді, сондай-ақ Алматы қаласының «Алматы жылу желілері» ЖШС-де, Алматы облысының «Жетісу» ӘКК ҰК АҚ-да басшылық қызмет атқарды. «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ ТКШ қызметтерінің сапасын арттырудың базалық бағытын іске асыру тобының жетекшісі болып жұмыс істеді.

2023 жылы маусымнан бастап қазіргі тағайындалғанға дейін Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы қызметін атқарды.

ҚОЗҒАЛЫС ШЕКТЕЛЕДІ

# ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ

## жөндеу жұмыстары аяқталып келеді



**Биыл жылыту маусымы аралығында «АлТС» ЖШС жалпы ұзындығы шамамен 20 шақырым болатын жылу желілерін қайта құру жұмыстарын жүргізуде. Бұл жұмыстың нәтижесінде желілердің тозуын 1,8%-ға азайту жоспарланып отыр.**

Құбырларды ауыстыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілген кезде қайта құру аймақтарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында автокөлік қозғалысы шектелді.

**Бүгінгі таңда жылу желілерін қайта құру жұмыстары жүргізілген қала көшелерінде қозғалыс шектелген құрылыс-монтаж жұмыстары 7 учаскеде аяқталды. Мердігер ұйымдар аумақтарды абаттандыруға кірісті, ал жұмысты қыркүйек айының соңына дейін ауа райы жағдайын ескере отырып, мына учаскелерде аяқтау жоспарланған:**

– 15 қыркүйекке дейін Ескараев көшесінде Розыбакиев көшесінен Гагарин даңғылына дейін, сондай-ақ Сүйінбай даңғылында Гаршин көшесінен Бекмаханов көшесіне дейін;

– 17 қыркүйекке дейін Құрманғазы көшесінде Пушкин көшесінен Зенков көшесіне дейін;

– 20 қыркүйекке дейін Қожанов көшесінде Радостовец көшесінен Гагарин даңғылына дейін, сондай-ақ Дунаевский көшесінде Жароков көшесінен шығыс бағытта;

– 30 қыркүйекке дейін Жүргенов көшесінде Баишев көшесінен Тяньшаньская көшесіне дейін, сондай-ақ Қожанов көшесінде ЦТРП-дан Жароков көшесіне дейін.

Қозғалыс шектелген басқа 7 нысанда жұмыстар қазан айының басында аяқталады.

30 қыркүйекке дейін құрылыс-монтаж жұмыстарын ескере отырып, жұмыстарды аяқтау жоспарланған:

– Бродский көшесінде Казаков көшесінен автобус паркіне дейін;

– Шопен көшесінде Байкадамов көшесінен Журавлев көшесіне дейін;

– Мақатаев көшесінде Жұмабаев көшесінен Павлодарская көшесіне дейін;

– Дунаевский көшесінен «Алмагүл-Южный» сорғы станциясына дейінгі бұрылыста.

6 қазанға дейін мына көшелерде жұмыстар аяқталады:

– Тургенев көшесінде Черепанов көшесінен Тоқтабаев көшесіне дейін;

– Байқадамов көшесінде Розыбакиев көшесінен Гагарин даңғылына дейін;

– Радостовец көшесінде Байқадамов көшесінен Журавлев көшесіне дейін.

Спасск көшесінде Бекмаханов көшесінен Урицкий көшесіне дейінгі және Воровский көшесіне дейінгі қозғалыс мерзімінде қалпына келтірілді.

Мердігер ұйымдар темірбетон бұйымдары мен құбыр өнімдерін шығаратын зауыттардың жоғары жүктемесіне байланысты кейбір нысандағы жөндеу жұмыстарын ұзартуға мәжбүр болды. Бұл құрылыс материалдарының жеткізілуіне және құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау мерзімін ұзартуға әсер етті.

Уақытша қолайсыздыққа түсіністікпен қарауды сұраймыз.

**«Алматы жылу желілері» ЖШС.**

ЭКОЛОГИЯ



*Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

# ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

## Алматыда көлік шығарындыларының сапасын талдау үшін спектрометрлер орнатылды

**Экология және қоршаған орта басқармасы Алматы қаласының мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен және Алматыда цифрлық технологияларды енгізу жөніндегі компаниямен бірлесіп, тестілік режимінде көлік құралдарының пайдаланылған газдарындағы заттарды өлшеу және талдау үшін пайдаланылатын мамандандырылған аспаптар – спектрометрлер орнатылды.**

Спектрометрлер жолдың қарама-қарсы жақтарына тар учаскелерде орнатылады, көлік құралын тоқтатудың қажеті жоқ, нақты уақыт режимінде (жарық сәулелерінің көмегімен) өтіп бара жатқан көліктердің шығарындылары туралы деректерді жинайды. Процесті автоматтандыру адам факторын жоққа шығарады.

Спектрометрлер көмірқышқыл газы, көміртегі оксиді, азот оксидтері, көмірсутектер және аммиак сияқты заттардың концентрациясын анықтай алады және оптикалық тығыздық арқылы дизельді көліктердің түтінін бағалайды.

Қазіргі уақытта жоба Алматы автопаркі шығарындыларының орташа мәндерін анықтауға бағытталған. Болашақта Sergek бейнебақылау жүйесімен интеграциялау кезінде бұл технология автомобильдердің шығарындыларын рұқсат етілген нормалардан асатын мемлекеттік нөмірлерін автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Әзірлеушілердің айтуынша, бұл инновациялық жоба ауа сапасының мониторингін жақсартуға және қалалық жағдайда пайдаланылатын автомобильдер үшін экологиялық стандарттардың сақталуына ықпал етуге арналған. Ұқсас жүйелер бүгінде әлемде тиімді жұмыс істейді. Мысалы, EDAR (Emissions Detection and Reporting) және Opus технологиялары Мадрид, Венеция, Берлин, Франкфурт, Лондон, Брюссель, Париж және басқа да ірі қалаларда сәтті енгізілді.

Бастама Алматыдағы ауа сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың бір бөлігі болып табылады.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

БРИФИНГ

# Елімізде кедендік рәсімдеу жүйесі қалай жұмыс істейді?

**Бұл туралы Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері айтып берді.**

**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Баспасөз мәслихатында «Жетісу» кеден бекеті басшысының орынбасары Әділбек Әбдісалихов Қазақстан шекарасынан өтетін барлық тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес кедендік рәсімдеудің міндетті рәсімінен өтетінін еске салды.

Рәсімнің негізгі міндеті – оның шекара арқылы заңды өтуін қамтамасыз ету үшін кеден органдарына жүк туралы дұрыс ақпарат беру.

*«Бірінші кезеңде тауарлар уақытша қоймаға орналастырылады. Әрі қарай жүк иесінің өзі де, уәкілетті тұлғалар да сөйлей алатын декларант кедендік декларацияны толтырады. Бұл процесс автоматтандырылған және декларацияны электронды түрде жіберуге мүмкіндік беретін «Астана-1» жүйесі арқылы жүзеге асырылады»,* – деді Ә.Әбдісалихов.

Деректерді жібергеннен кейін жүйе логикалық және форматтық бақылауды жүзеге асырады, содан кейін тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі (Asur) қосылады. Ол жүктерді кедендік бақылаудың төрт «дәлізіне» бөлу арқылы қосымша тексерулердің қажеттілік дәрежесін анықтайды:

– Жасыл дәліз – тауарлардың 68%-ы кеденшілердің қатысуынсыз автоматты түрде шығарылады.

– Сары дәліз – тауарлардың 29%-ы құжаттары тексеруден өтеді.

– Қызыл дәліз – жүктердің 2%-ы жіті тексеруден және сараптамадан өтеді.

– Көк дәліз – декларациялардың 0,05%-ы тауар шығарылғаннан кейін тексеріледі.

Кеден органдарының мәліметтері бойынша, бұл тәсіл шекарада жүктерді тезірек және тиімді өңдеуді қамтамасыз етеді.

АКЦИЯ

# МАҢЫЗЫ ЗОР НАУҚАН

**Алмалы ауданында азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алуда көмек көрсету мақсатында «Qoldau» акциясы өтті.**

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бастамасымен Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес, Алмалы ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алуда көмек көрсету мақсатында «Qoldau» акциясы өткізді.

Акцияның басты мақсаты – азаматтарға, кәсіпкерлерге халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алу бойынша көмек көрсету, кеңес беру болып табылады. Акция барысында азаматтарға дәл сол орыннан мемлекеттік қызметтерді алу бойынша электронды өтініш беру мүмкіндігі қарастырылған.

Сондай-ақ, акцияға Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің, Алмалы ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшылық құрамы және мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыратын басқа да қызметкерлері қатысты. Бұдан бөлек, акцияға ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің қызметкерлері Назым Қайратқызы Аринова және Азамат Ермекұлы Мейрамов қатысты.

Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Егор Таркинскийдің айтуынша, мұндай іс-шаралар бекітілген кестеге сәйкес алдағы уақытта барлық аудандық басқармаларда және Департаментте өтетін болады, бұл туралы алдын ала Департаменттің интернет-ресурсында, Instagram, Facebook әлеуметтік желілердегі парақшаларында хабарлама орналастырылады.

**Қ.ЖҰМАДІЛОВА.**

ЖОЛДАУ – 2024

**Қазақ халқында «Қыстың қамын жазда ойла» деген ұлағатты сөз бар. Расында, бүтіңгідей алмағайып шақта, етек-жеңді жинап, белді буып, білек сыбанып, ақылмен қимылдау қажет болып тұр. Бұл – XXI ғасырдағы нарықтық экономиканың талабы.**



# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ – БАСТЫ БАҒДАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында даму бағдарламалызды айқындап, нақты тапсырмалар жүктеп, әлеумет пен әлеуеттің жағдайын жақсартуды тапсырды. Осыған орай белгілі экономист Мақсат ХАЛЫҚПЕН сұхбат құрған едік.

### МАҢЫЗДЫ БАСТАМАЛАР ТҰЖЫРЫМДАЛДЫ

**– Мемлекет басшысының Жолдауындағы бағдарларға маман ретінде қандай сипаттама берер едіңіз?**

– Жолдауда маңызды мәселелерге ден қойылады. Кейінгі кездері экономикалық салаға айқын басымдық беріле бастады. Бұл жолы халықтың табысын арттыру туралы айтылды. Адрестік көмек, жалпы кімге, қандай жәрдем қажет, сол бойынша жұмыстану қажеттігіне маңыз берілді. Тұтастай алғанда, бағдарламалық құжатта қаржылық дүниелер жайында сөз қозғалды. Еліміздің экономикасы, өз өндірісіміз дамыса – нұр үстіне нұр. Азаматтарда біршама белсенділік болса, шағын және орта бизнес дами түсер деймін. Қаржы нақты салаларда нәтижелі игерілсе, сонда ғана экономикада өсім болады.

Мемлекет басшысы ақша-несие саясатына баса назар аударды. Банк туралы заң қабылдау керектігін құптаймыз. Бұл – керек бастама. 30 жылдан бері банктерге қатысты заң жаңармаған. Сол саланың өз лоббилары болған-тұғын. Бұның алдында «Банкроттық туралы заң» қабылданды. Бірақ ол заңды болдырмауға әрекет көп болды. Мұны да барынша жетілдіру керек. Әлбетте, банкке қатысты жаңа заңның керек екені айқын. Ең бірінші кезекте пайыздық несиелендіру мәселесі, одан алынатын комиссия қарастырылғаны жөн. Өйткені, 56% несие беруді заңдық тұрғыдан бекітіп қою тым ауыр. Мәселен, қарапайым адам 3 жылға 1 миллион теңге алған болса, жоқ дегенде 50%-ға есептегенде жылына 500 мың қосылып, жалпы құны 2,5 миллион теңге қылып қайтарады. Бұл халықтың мойнына үлкен қамыт болып тұр. Біздіңше, мұндай кредит беру жүйесі дұрыс емес.

Бұйырса, банктер туралы кәделі заң қабылданса, біраз түйін шешіледі.

### БАНКТЕРДІҢ НЕСИЕ ПАЙЫЗЫН ҚАЛАЙДА ТӨМЕНДЕТУ КЕРЕК

**– Бізде Европа, араб банктері сияқты 3–6% кредит қашан беріледі?**

– Сұрағыңыз өте орынды. Дамыған елдерде орташа инфляция 1-1,5% ғана болып тұрады. Несие саясаты жолға қойылған мемлекеттер аз пайыз қоя алады. Сондықтан да олар халыққа аз процентпен кредит, ипотека береді. Ал бізде инфляция деген құрғыр 10% көлемінде. Осыны ескеріп, дәп осындай етіп пайыздық мөлшерлемені қоя аламыз. Бизнеске де берілетін пайызды азайтайық. Қазақстанда кемінде 18% жоғары несие беріледі. Бұл ел-жұртқа тым ауырлық етеді. Ақша-несие саясатын жүргізетін мекеме – Ұлттық Банк.

Біздің екінші деңгейлі банктердің бағдары сын көтермейді. Қаншама рет Ұлттық Қордан да қолдау алды. Ал нәтижесі көңіл көншітпейді. Көбісі алғандарын қайтармайды. Осындай олқылықты көріп, неге банктер соншама қыруар пайдаға кенеле берген деп ойланып қаласыз? Сондай-ақ, банктер неге үлкен пайыз қояды? Бұл – ұят қылық!

Біздің ойымызша банктердің пайызын қалайда төмендету керек. Дәл Европа мен арабтар сияқты азайтпасақ та, едәуір түсірсе деймiз. Өткен жылдары түрік басшысы Режеп Тайып Ердоған ақша-несие саясатына араласып, өздерінің Ұлттық Банктерінің пайыздық мөлшерлемесін түсірген еді. Алайда, басқаша әсер етті. Салдарынан біраз қағажу көріп, инфляциясы өсіп, қымбатшылыққа тап болды. Қазақстан жағдайында инфляциядан төмен бола алмайтыны түсінікті. Дегенмен, инфляцияға жақын базалық көрсеткішті жасауға болады ғой. Бұндай әдіс азаматтар үшін өте тиімді болар еді.

### КЛИЕНТТЕРДІ ҚЫСА БЕРУДІ ДОҒАРАЙЫҚ

**– Сәл кредит төлей алмай қалса, барша есеп-шотты бұғаттай салу дұрыс па?**

– Төлем қабілеті бар адам ай сайынғы төлемдерін біршама кешіктірсе, арестке жабу дұрыс емес. Адамның ойлары кеш түсуі мүмкін, ақшасы жетпей қалуы ықтимал және т.б.

Клиент 90 күннен артық төлей алмаса, банктер бас қатырмайды, коллекторларға бере салады. Осы күні 90 күннен асса да, коллекторлық ұйымдарға бермесін деген идея айтылып жүр. Бұл өте дұрыс ой. Осыдан кейін банктер оңды-солды несие беруді доғарады.

Банктер бизнеске қаржы құюға құлықсыз. Несиенің көп бөлігі тұтынушылық бағытта беріледі. Ол деген сөз – бизнес дами алмай тұрғандығын аңғартады. Бұл ЖІӨ 2 еселеу, 6-7 экономикалық өсім жасау идеясына кері әсер етеді. Ең негізгі проблема да осы. Қалайда шағын және орта кәсіп, жалпы бизнес қаржыландырылуы керек.

### АДАЛ АДАМ АЙНАЛЫСУЫ ТИІС

**– Сыртқа кеткен активтерді толыққанды қайтарудың тың тетігі бар ма?**

– Бұған дейін шет ел асқан қаржыларды қайтаруға байланысты жұмыс басталып кетті. Елге 1 триллион, 700 миллиард теңге қайтарылыпты. Бұл АҚШ валютасымен есептесек, 4 миллиард доллар көлемінде ғана болады. Ал ұрланған ақша 200 миллиард доллардан асатын көрінеді. Сондықтан бұған дейінгі жағдай белгілі болды. Тым құрығанда 30–40%-ын қайтара алсақ қой.

Ұрланып-жырланған ақшаны батылдық жасап, қайрат көрсетіп, күш салып тұрып қайтарайық. Бос белбеу болып, қол қусырып қарап отырған жарамас. Сыртқа шығарылған активтерді қайтаруға байланысты арнайы комиссия құрылды. Десе де, комиссияның құрамы мен жұмысы белгісіз. Оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысы барлар мүлдем болмауы тиіс. Арнайы есеп-шот ашты. Бұның қажеттілігі шамалы-тұғын. Біздің ойымызша, шет ел асқан қаражат түгел Ұлттық Қорға аударылуы қажет. Нақты қанша қаражат түсті, қай мақсатқа жұмсалды деген ақпараттар анық болғаны жөн. Егер дәл осы іспен мықты әрі адал адам айналысып жүрсе талай қаржы қайтарылады деп ойлаймын.

### «БӘРІН КАДР ШЕШЕДІ!»

**– Жолдауда инвестиция тарту туралы сөз болды, қайтпек керек?**

– Біз, ең алдымен, қоғамның экономикалық сауаттылығын арттырайық. Инвестиция тарту бойынша біліктілікті күшейтейік. Қазір оқыту-үйрету, жоғары деңгейде маман дайындау ісі шалағай боп тұр. Кейбірі өзі тізгіндеп отырған сала жайлы сауатты пікір, ұсыныс айта алмайды. Ондай кадр бізге керек пе?

Президент өз Жолдауында әрдайым нақты тапсырмаларын тұжырымдайды. Әйтсе де, сол тапсырмаларды орындаушылардың қимылы баяу. «Цифрлық әмиян» дегенді қаншама рет айтып келеді, әлі көзі табылмады. Бәрін кадр шешеді.

### ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ МАҢЫЗДЫ

**– Жұмысшы мамандықтарын қалай ұлғайтамыз?**

– Жастар үлгі тұтатын еңбек адамы керек. Олар сырттай марқайып, үлгі-өнеге алса деймiз. Шет елде ғарышты, техниканы игеріп жатады. Ал бізде жаңа технологияларға аса көңіл бөлінбей келеді. Қашанғы мұнай мен газға сеніп отыра береміз? Бұлай кете берсек, тақырда отырып қаламыз!

Адал адам, әділ еңбекті көбірек дәріптеу қажет. Туған жерден өсіп өніп, үлкен жетістікке қол жеткізген азаматтар көпшілікке рух береді. Халықтың арасынан бүгінгінің батырларын шығарайық. Еңбек күші, жұмыстың өнімді болуы сізбен бізге тікелей байланысты.

Көбінесе алаяқтар адал адамның алдын орап кетеді. Бұл – қате! Тамыр-таныс, жең ұшынан жалғасқан жемқорлық тыйылса екен. Қойшыдан атқамінерге дейін бәрі таза жан болуы керек. Сайлау әділ болса, еңбекқор адамдар көтеріледі. Қоғамда әділдік қағидаты толық орнаса, біз айтып отырған мәселе өздігінен шешіледі.

Әділетті Қазақстан орнап, халқымыз бай-қуатты болсын. Ең бастысы, ұлттық мүддені басты орынға қоюға тиіспіз. Сонда ғана Алаш азаматтары армандаған қазақи менталитеттері держава құрылады.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан
**Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

# БІЛІМДІ ЖӘНЕ БІЛІКТІ МАМАН БОЛУ – МІНДЕТ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы және студент жастармен кездесу өткізіп, ҚР Президентінің Жолдауын талқылады.**

**Рая ЕСКЕНДІР**



Оқу ордасының басшысы алдымен әділетті Қазақстанды құрудағы жастардың рөліне тоқталып, Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде орын алып жатқан елеулі өзгерістерге назар аударды. «Әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет» тақырыбындағы шараға факультет деканлары, ардагер оқытушылар, жас ғалымдар, білім алушы жастар және 1-курс студенттері жиналды.

Ректор өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауы, ең алдымен, ел экономикасын жақсартуға, халықтың әл-ауқатын көтеруге, жастардың тұлғалық белсенділігін арттыруға негізделген ауқымды жоспарларды қамтығанын жеткізді.

«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауда ғылым және жоғары білімді дамыту, үздік университеттердің нақты секторлмен байланысын нығайту мәселелері ортаға салынды. Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру, жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттыру қарастырылды. Ұлттық мүдделердің мызғымастығы, ұлт өмірінің сапасын арттыру, қауіпсіздік пен заң үстемдігін қамтамасыз етуге де айрықша маңыз берілді. Бұл тапсырмалардың біраз бөлігін университет өмірінде іске асырып жатырмыз, алдағы уақытта да жүйелі жалғастыратын боламыз», – деп атап өтті ректор.

Сонымен қатар, болашақ Қазақстанды дамыту, әділетті қоғам құруда жастарға артылар сенім мол екенін айта келе, ең басты міндет білімді және білікті маман болу екенін атап өтті.

«Президент өз сөзінде: «Біздің ұзақ мерзімге арналған даму жолымыз айқын. Биік мақсаттарымыз бар. Оған жету үшін, ең алдымен, ел бірлігін сақтай білуіміз керек. Бір-бірімізге қолдау білдіріп, құрмет көрсетуіміз қажет», – деді. Бұл жалынды жастардың қолынан келетін дүние. «Тәуелсіздік – ең қасиетті, қастерлі құндылығымыз, ең басты байлығымыз». Осы баға жетпес құндылығымыздың қадірін біліп, қуатты Қазақстанды дамыту – жастардың қолында. Әр адамға және баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекетті, яғни әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет», – деді Жансейіт Қансейітұлы. Өз сөзінде ректор ҚР Президенті қойған міндеттер мен мақсаттарды орындау жолында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ айрықша үлес қосып отырғанын баса айтты.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында алдыңғы қатарлы 23 шетелдік жоғары оқу орнының ашылғанын атап өтсе, оның екеуі аталмыш университетте ашылды. Атап айтқанда, Мәскеу ұлттық ядролық зерттеу университеті және Солтүстік-батыс политехникалық университеті. Бұған дейін Стамбул және Бішкек қалаларында Президенттің қатысуымен ҚазҰУ филиалы ашылған болатын. Алдағы уақытта Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінде ҚазҰУ филиалын іске қосу жоспарланып отыр.

Кездесу соңында латын графикасына көшу мәселесі, Қазақстанның өзге мемлекеттермен ынтымақтастығы, қоғамдағы тұрақтылық туралы бірқатар сұрақтар қойылып, оған ректор жан-жақты жауап берді.

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

# АЛМАТЫ ТҰРҒЫНДАРЫ

## дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты онлайн ала алады

АЭС салу бойынша референдум 2024 жылдың 6 қазанында өтеді. Аймақтық сайлау комиссиясы мен Алматы қаласының әкімдігі бірігіп тұрғындарға өзінің дауыс беру учаскесі туралы мәліметтерді нақты уақыт режимінде келесі арналар арқылы алуға мүмкіндік береді:

Телеграм бот(https://t.me/almaty_referendum2024_bot) арқылы ЖСН енгізіп сайлау учаскесін анықтауға болады.







Сондай-ақ, https://mapalmaty.kz/referendum сайты арқыла да сол қызметтерді алуға болады.




Азаматты дауыс берудің нақты учаскесінде республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар тізіміне енгізу үшін оның референдумның көрсетілген учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болып табылады. Мекенжай мәліметтерін тіркеу, түзету және тексеру үшін egov.kz «электронды үкімет» порталының «Азаматтық, миграция және иммиграция → Халықты тіркеу және тіркеу есебінен алып тастау» бөлімі бойынша немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жүгіну қажет.

2024 жылдың 6 қазанына белгіленген республикалық референдумға қатысу арқылы конституциялық құқыңызды жүзеге асырыңыз.




АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМ

# БЕЙБІТ ЯДРОЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

## Жаһандық үрдіс не дейді?

**Елімізде атом электр станциясын салу, салмау бойынша жалпыұлттық референдум жарияланса да, қоғам болып талқының әлі де бастапқы деңгейінде жүргендейміз. Қоғам әлі де ядролық технология, ядролық отын, атом реакторлары және энергетика мәселелерінде жаһандық үрдіс көш алда тұрғанын аңғара алмаса керек. Дегенмен де, бұның бәрі өзіндік заңдылыққа да ие. Көптеген елдерде ядролық технологияны пайдалану, атом реакторларын салу бойынша мәселе ұзақ талқылар мен пікірталастардан өткен. Бүгін біз қоғамдағы кереғар пікірлерді сәл ұмыта тұрып, әлемдегі ядролық бағдарламалардың жалпы үрдісіне көз жүгіртуді жөн көріп отырмыз.**



### ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ – ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ

Қазіргі тенденцияны ескерсек, таяу онжылдықтарда әлем елдері жасыл энергия мәселесін азық-түлік қауіпсіздігімен қатар деңгейге көтеруі мүмкін. Себебі, жаһандық климат өзгерісі осыған алып келуде. Халықаралық қауымдастық та қазіргі таңда энергияның көп өндірілгенінен гөрі, таза энергия өндірісіне көбірек басымдық беруді насихаттайды. Әрине, тап қазіргі уақытта дамыған елдерде болсын, дамушы елдерде болсын, энергияның басым көп бөлігі қазба отындардан (көмір, мұнай, табиғи газ, т.б.) алынады. Бірақ бұл көрсеткішті дамыған елдер бастап жыл сайын азайтып келеді. Қазба отындардың баламасы ретінде күн, жел, су энергияларын, оған қоса биоотын мен өзге жолдарын көрсетеді. Жасыл энергия саласында ядролық энергияны пайдалану басымдыққа ие. Мәселе, ядролық технологиялардың жалпыға бірдей қолжетімді болмауында ғана.

Қазірдің өзінде әлемде 1 КВт/сағат таза электр энергиясы өндірілетін болса оның төрттен бір бөлігі ядролық реакторларға тиесілі. Ал Дүниежүзілік ядролық ассоциациясының мәліметіне қарасақ, әлем елдеріндегі ядролық реакторлар қатарынан алты жыл 2500 тераватт сағаттан (ТВт/сағ) астам электр энергиясын өндірген екен. Бұл су энергетикасынан кейін екінші энергия көзі саналады. 2017 жылдан 2022 жылға дейін әлемде ядролық өндіріс көлемі бірқалыпты қарқынмен кеңейген. Алайда, 2022 жылы Украинадағы қақтығыс пен Германияның шешімінен кейін үрдіс сәл баяулаған. Қазір оның орнын өзге елдерде іске қосылған жаңа реакторлардың жұмысы толықтырған. Ал Азияда керісінше соңғы жылдары ядролық отыннан пайдаланып өндірілетін энергия мөлшері ұлғайып келеді. Азияның соңғы 10 жылына қарасақ ядролық генерацияның үлесі 2 есеге өсіп, Батыс және Орталық Еуропадағы үрдісті басып озған. Бұған қытай, жапон, корей елдеріндегі ядролық өндіріс көлемінің тұрақты артуы себеп болған.

2022 жылы әлемдік үрдістің картинасына көз жүгіртіп көрелік: сол жылы әлемде 6 жаңа реактор электр желісіне қосылды (Қытайда – 2, Финляндия – 1, Пәкістан – 1, Оңтүстік Корея – 1, БАӘ – 1). 8 реактор құрылысы басталды: оның бесеуі Қытайда, екеуі Египетте және біреуі Түркияда.

Бірақ жаһандық климат өзгерісін болдырмау үшін әлем елдері 2050 жылға барғанда парниктік газдардың шығарындыларын 0-дік көрсеткішке түсіруді мақсат етіп отыр. Бұл мақсатқа жету үшін әлем елдері ядролық энергия көлемін қазіргіден 3 есеге арттыруы тиіс.

Кестеден көріп отырғанымыздай, әлем елдерінде ядролық энергия қолданысы кеңеюде. Бұл елдердің ішінде он төрт ел жалпы тұтынатын энергияның төрттен бір бөлігін атом реакторларынан алып отыр.

Әлем бойынша тұтынатын энергиясының басым көбін ядролық реакторлардан алатын ел – Франция. Бұл елдің энергетика саласының 70 пайызы ядролық энергия тармағынан келеді. Ал Украина, Словакия және Венгрия секілді елдер электр энергиясының жартысына жуығын алады. Жапония өзінің электр қуатының төрттен бірінен көбін ядролық отын арқылы өндіріп келген еді. 2011 жылғы апаттан кейін бұл деңгейден түсіп қалды. Бірақ 2009 жылғы деңгейге қайта жетуге жаңа бағдарламалар қабылдап қойды.

Атом реакторлары бар елдер

| Елдер | Пайдаланудағы | | | Жоспардағы | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Саны | Қуаты (МВт) | Энергетикалық үлесі (%) | Саны | Қуаты (МВт) |
| АБӘ | 4 | 5348 | 19,7 % | | |
| Аргентина | 2 | 1641 | 6,3 | 1 | 25 МВт |
| Армения | 1 | 416 | 31,1 | | |
| АҚШ | 94 | 96,952 | 18,6 | | |
| Бангладеш | 0 | 0,0 | 0,0 | 2 | 2160 МВт |
| Беларусь | 2 | 2220 | 28,6 | | |
| Бельгия | 5 | 3908 | 41,2 | | |
| Бразилия | 2 | 1884 | 2,2 | 1 | 1340 МВт |
| Британия | 9 | 5883 | 12,5 | 2 | 3260 |
| Болгария | 2 | 2006 | 40,4 | | |
| Канада | 19 | 13,699 | 13,7 | | |
| Корея | 26 | 25,825 | 31,5 | 2 | 2680 |
| Қытай | 56 | 54,362 | 4,9 | 30 | 32,523 |
| Мажарстан | 4 | 1916 | 48,8 | | |
| Мысыр | | | | 4 | 4400 |
| Мексика | 2 | 1552 | 4,9 | | |
| Үндістан | 23 | 7425 | 3,1 | 7 | 5398 |
| Испания | 7 | 7123 | 20,3 | | |
| Иран | 1 | 916 | 1,7 | 1 | 974 |
| Жапония | 33 | 31,679 | 5,6 | 2 | 2653 |
| Нидерланд | 1 | 482 | 3,4 | | |
| Пәкістан | 6 | 3262 | 17,4 | | |
| Румыния | 2 | 1300 | 18,9 | | |
| Ресей | 36 | 26,802 | 18,4 | 4 | 3702 |
| Финляндия | 5 | 4394 | 42 | | |
| Франция | 56 | 61,370 | 64,8 | 1 | 1630 |
| Словакия | 5 | 2308 | 61,3 | 1 | 440 |
| Словения | 1 | 688 | 36,8 | | |
| Оңтүстік Африка | 2 | 1854 | 4,4 | | |
| Швеция | 6 | 6944 | 28,6 | | |
| Швейцария | 4 | 2973 | 32,4 | | |
| Чехия | 6 | 4212 | 40 | | |
| Түркия | | | | 4 | 4456 |
| Украина | 15 | 13,107 | 50,7 | 2 | 2070 |
| Тайвань | 1 | 938 | 6,9 | | |

Былтыр бір жылда барлық АЭС әлемге 2602 ТВт/сағ электр энергиясын өндіріп берді. Бұл 2022 жылдан 58 ТВт/сағ мөлшерінде көбірек. Себебі, былтыр Қытай, БАӘ, Оңтүстік Корея және Пәкістан елдерінде электр желісіне жаңа реакторлар қосылған болатын. Биыл да жаңадан іске қосылған реакторлар Финляндияда, Қытайда және Кореядағы үлесті көбейтуде. Соның нәтижесінде 2024 жылдың қорытындысы былтырғыдан тағы 60 ТВт/сағ мөлшерінде көбірек болады деп күтілуде.

### АЭС ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Дамыған елдер неге ядролық энергияның көлемін ұлғайтып келеді? Бұл сұраққа келгенде тұрақты даму мәселесі алға шығады. Қазір де, болашақта да энергия мәселесі кез келген елдің тұрақты дамуына әсер ететін басты факторлдың бірі болып қала береді. Өйткені, өндіріс пен тұрмыстың энергияға деген қажетсінуі тұрақты өсуде. Егер 30 жыл бұрынғы уақытты қарастырып көрсек, ол тұста энергияның тұрақтылығы қажетті отынның тұрақты көзімен өлшенді. Көмір, мұнай не газ қоры бар болса электр энергиясы бар дегенге сайды. Бірақ қазіргі тұрақты даму үлгісі бұдан мүлде жаңарды. Яғни климат өзгерісі, қоршаған ортаның бүлінуі мәселесі мемлекеттердің тұрақты даму және жарқын болашаққа қатысты стратегиясында маңызды мәселеге айналды. Ал бұған керісінше энергияға деген тәуелділік жоғарылады.

Қазір тұтас қоғамды былай қойғанда, жеке тұлғаның өзінің энергияны қажетсінуі бұдан он жыл бұрынғымен салыстырғанда көбірек өсті. Экономика, денсаулық сақтау, ғылым, білім, ауыл шаруашылығы салаларының бәрі жыл сайын электр энергиясының тұрақтылығын талап ете түсуде. Міне, осы маңызды түйткілдер бейбіт ядролық технологиялар өндірісін пайдаланудың көлемін ұлғайтып келеді. Бұл саланың кеңеюі кемінде энергия алудың бұдан да қауіпсіз әрі бұдан да залалсыз, сондай-ақ, одан да арзанырақ жолын тапқанға дейін жалғасуы мүмкін.

**Естай БОЖАН,**
**сарапшы.**



*(Басы 1-бетте)*

### АЛЫП ШАҺАР ӘРҚАШАН АЛҒЫ ШЕПТЕ!

**Республика сарайы алдындағы Абай атындағы алаңда өткен мерекеге Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты.**

Алматылықтарға арнаған сөзінде мегаполис басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің туған қаласын дамытуға басымдық беретінін және «Алматы – бейбітшілік картасында ерекше орын алатын, бұл достық, келісім, интернационализм аумағы» екенін атап өтті.

*«Бұл – біздің үлкен байлығымыз. Біз мұны мақтан тұтамыз, оны қорғап, өркендетуіміз керек»,* – деді қала әкімі. Қала әкімінің сөзінде Оңтүстік шаһардың қарқынды экономикалық өсімі, әлеуметі мен әлеуеті жоғары деңгейде бола беретіні жайында нақты көрсеткіштер баяндалды.

*«Алматы – Қазақстанның экономикалық серпінді дамуы, мәдени байлықтың, ғылыми және қаржылық орталықтың символы. Соңғы 3 жылда қаламыздың экономикасы тұрақты түрде өсіп келеді. Былтыр соңғы 10 жылдағы рекордтық экономикалық өсімге қол жеткізді, осы жылы да жоғары қарқын сақталып отыр. Алматы – елімізде жеке инвестицияларды тарту бойынша алда келеді, үлесі 60%-ға жуық шағын және орта бизнестің қаласы. Біз сіздермен бірге Алматы бүкіл Қазақстаннан және әлемнің түкпір-түкпірінен дарынды адамдарды тарту орталығы болып қала беретінін мақтан тұтамыз. Мұнда инновациялық идеялар пайда болады, серпінді жобалар жүзеге асырылады және жаңа трендтер белгіленеді»,* – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

Шаһар басшысы қала тұрғындарының назарын қаланы қорғау қажеттілігіне аударды. Естеріңізге сала кетейік, көктемде Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасы аясында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны басталды.

*«Үйіңіздегі, аулаңыздағы және қалаңыздағы тазалық пен тәртіп өмір салтына айналуы керек. Алматыға келетін болсақ, өз қаласына ұқыпты қарау мен шынайы қамқорлық нағыз алматылықтың айрықша белгісі болып табылады»,* – деді қала әкімі.

Ерболат Досаев қала тұрғындарына қолдау көрсеткені үшін алғыс айтып, Алматыда өмір сүруге қолайлы жайлы жағдай жасау үшін барлық шаралар қабылданатынына сендірді.

*«Президент Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей: «Біздің қоғамда заң мен тәртіп орнауы тиіс. Тек сонда ғана біз әділ, таза және қауіпсіз Қазақстанды құрамыз». Біз Алматының адамдар өмір сүргісі келетін, балаларды тәрбиелеп, болашаққа сеніммен қарайтын қала болуы үшін бар күшімізді саламыз!»,* – деді қала әкімі мегаполис тұрғындарына және амандық пен сәттілік тіледі.




## Ерболат ДОСАЕВ:
# АЛМАТЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ
### Мегаполисті әрбір адам өз үйіндей сезінетін жайлы

Жиында өзіміз өмір сүретін мекенді дамытып, қолдап экологиялық, әлеуметтік және т.б. тұрғыда кең қанат жайдыру сіз бен бізге байланысты екендігі айтылды.

*«Алматы әрқашан алдыңғы шепте болып, оң өзгерістердің жарқын үлгісі болуы керек, бұған бар күшімізді, білімімізді және тәжірибемізді жұмсаймыз. Алматыны әрбір адам өз үйіндей сезінетін жайлы әрі қауіпсіз қалаға айналдыру – біздің қолымызда»,* – деді мегаполис басшысы.

### «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫ БЕРІЛДІ

Қала басшысы дәстүр бойынша қаланы дамытуға үлес қосқан азаматтарды «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағымен марапаттады. Қала күні қарсаңында – дәрігерлер, қоғам қайраткерлері, жазушылар мен суретші сияқты бірқатар мамандық иелерінің еңбегі еленді.

Биылғы жылы құрметті қала тұрғындарының тізімін Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының директоры Гүлнар Нұрланова, Алматы қаласы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Ахметжан Шардинов, Алматы пейзаждарымен және қалаға деген сүйіспеншілігімен танылған суретші Алексей Уткин, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ерболат Төлепбай, ақын, Түркі дүниесі Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, композитор Ерұлан Қанапьянов, Қазақстан авиациясының ардагері Дмитрий Душимов, сондай-ақ кәсіпкер және меценат Нұрлан Смағұлов толықтырды.

Сонымен қатар, келесі жылы 90 жасқа толатын Мемлекеттік қуыршақ театрының ұжымы арнайы атаққа ие болды. Айтпақшы, осы жылдың шілде айында Канададағы алғашқы халықаралық «Оттава» фестивалінде ең көне қуыршақ театры қуыршақтар мен әртістер қатысатын «Ромео мен Джульетта» спектаклін ұсынып, Гран-при жеңіп алды.

Мемлекеттік қуыршақ театрының актрисасы Сабила Абуева ұжым атынан жоғары баға бергені үшін алғысын білдірді.

*«Біз үшін осындай жоғары атаққа ие болу үлкен бақыт. Мен көп жылдар бойы қызмет етіп келе жатқан Мемлекеттік қуыршақ театрына назар аударғаныңыз үшін көп рахмет. Бұл қаладағы ең көне өнер храмдарының бірі. Келесі жылы біз тоқсан жылдықты атап өтеміз. Қалалық әкімшілікке осы маңызды күнге дейін театрда жөндеу жұмыстары жүргізілгеніне алғысымды білдіремін. Енді біз көрермендерді жаңартылған театрда қабылдаймыз»,* – деп атап өтті актриса.








# ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ БОЛУЫ КЕРЕК

## әрі қауіпсіз қалаға айналдыру – өз қолымызда

Суретші Алексей Уткин қалаға деген ризашылығы мен сүйіспеншілігін білдірді. Ол қаланың өркен жайып келе жатқанын, күн сайын жақсы жаққа өзгеретінін, ыңғайлы болатынын жан-дүниесімен көретінін атап өтті.

*«Мен қаланы бояймын, мен оны көремін. Қаланың дамып, жайнап өсіп өркендеп жатқандығы қуантады. Өз қаламыздың гүлденіп дамуы үшін қолымыздан келген жақсы істерді бірге жасайық. Сонда шаһардың шырайы кіре түседі»,* – деді ол.

Марапаттау рәсімі қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен концертпен аяқталды.

Марапаттан кейін қала әкімі алаңдағы балалар белсенділік аймақтарын аралап, тұрғындармен сөйлесті. Іс-шара «Алматы әуендері» шығармашылық ұжымдары мен солистерінің қатысуымен өткен мерекелік концертке ұласты.

### ҚУЫРШАҚТАР ШЕРУІ

Абай алаңы мен Тұңғыш президент саябағында қуыршақтар шеруі өтті. Ертегі кейіпкерлері Қала күнін мерекелеуге келген азаматтарды таңқалдырды. Әсіресе, балақайлар жарыса суретке түсіп, қуанышқа бөленді.

Мереке аясында Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының бойтұмары болып табылатын «Қуыршақ думан» атты ерекше концерттік қойылым көпшілік назарына ұсынылды. Қойылымда Роза Бағланова, Майкл Джексон және Фаррух Закиров сынды танымал тұлғалардың бейнесіндегі қуыршақтар өнер көрсетіп, халықты тамсандырды.

Сонымен қатар, негізгі мерекелік орындарда қуыршақ жасау шеберлерінің қатысуымен «Өнер бесігі – Алматы» атты қуыршақ жасау және басқару бойынша танымдық шеберлік сағаттар өткізілді.

### APPLE FEST ФЕСТИВАЛЬ

Алматы қаласы күніне орай Apple Fest фестивалі аясында 1700 литр алма компотын дайындады. Бұл нәтижеге фестиваль тарихында алғаш рет қол жеткізілді және Гиннестің рекордтар кітабына енгізілді.

Сусын сатудан түскен қаражат қала саябақтары үшін құс үйлерін, коректендіргіштерді, ағаш көшеттері мен бұталарды сатып алуға бағытталады.

Биылғы жылы 50 алматылық бау-бақша шаруашылығы 130 тоннадан астам алма, соның ішінде танымал «апорт» сортын әкелді. Саябақ аумағында Шапито цирқі орналасқан, оның күмбезінің астында «Курьез» клоун квартеті, таяқтардағы эквилибр, Эфиопиядан Икария ойындары бар қара бүркіттер командасы, роликті акробаттар, арқанмен жүрушілер, сондай-ақ үйретілген жылқылар мен иттер бар.

Фестиваль кезінде саябақтың аумағы тақырыптық аймақтарға бөлінді: бақша инновациялары алаңының аумағында қонақтарға Алматыда көгалдандыруда инновациялық тәсілдер қалай қолданылатынын көрсетті, ал гүл ғажайыптары бульвары ортақ баққа ұқсады.

Сондай-ақ, алма, қолөнершілер, қолөнер бұйымдарының ауқымды жәрмеңкесі, елшіліктер аллеясы, бау-бақша жабдықтары жәрмеңкесі және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылды. Күні бойы фестиваль қонақтары қазақ киносының алтын қорынан фильмдер көрді.



Суретті түсіргендер С.ҚҰСАЙЫНОВ, Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

### ҚОҚЫСТЫ ЖИНАП КЕТТІ

Алматыда өткен мерекелік концертке қатысқан қала тұрғындары бастама көтеріп, іс-шарадан кейін қалған қоқыстарды жинап кетті.

Алматылықтар «Таза Қазақстан» бағдарламасына белсенді қатысып жатыр. Мұның тағы бір дәлелі – танымал қазақстандық әнші Садраддиннің жеке концертінен кейін қала тұрғындары Орталық стадион аумағын тазалауға жаппай қатысты.

Іс-шара соңында орындаушының өзі көрермендерді концерттен кейін тазалықты сақтауға шақырды. «Қала күнімен құттықтаймын! Сүйікті қаламызды қорғап, оның тазалығын сақтайық», – деді әнші барлық қатысушыларға.

Орталық стадионның аумағын тазалауға Алматы жастары да қатысты. Мұнда 300-ге жуық еріктілер болды. Жастар қоқысты жинап, контейнерлерге тастады.

«Қалаға деген сүйіспеншілік табиғатқа деген сүйіспеншіліктен басталады. Осылайша біз ортақ үйіміздің әдемі көрінісін барынша сақтай аламыз! Біз көппіз, ал қала жалғыз. Әркім өзінің ортақ үйіне қамқорлық жасағанда, қаланың сұлулығы мен жайлылығы сақталады. Табиғат пен қаланың үйлесімділігі әрқайсымыздың қолымызда. Кішкентай қадамдар мен жауапкершілікпен біз қала өмірінің сапасын жақсарта аламыз, сонымен қатар табиғатқа деген сүйіспеншілігімізді көрсете аламыз. Біздің әрқайсымыздың іс-әрекетіміз қаламыздың болашағына үлкен әсер етеді», – деді өз сөзінде алматылық ерікті Елдар Байғабылов.

Бұл бастама қаланы таза ұстап қана қоймай, жас ұрпақтың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып келе жатқанын көрсетті. Алматының тұрғындары мен қонақтары мұндай бастаманы жоғары бағалап, оған қолдау білдірді.

### МЕРЕКЕЛІК ОТШАШУ БОЛДЫ

Қала күніне орай «Көктөбе» телемұнарасында жарқын мультимедиялық шоу көрсетілді. Оны қаланың әр жерінен көруге болады. Бұл күннің қорытынды іс-шарасы «Көктөбе» саябағында өткен керемет отшашу болды. Айта кетейік, отшашу жеке демеушілердің қаражаты есебінен ұйымдастырылды.

### «ALMATY GARDEN SHOW» ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Қала күні аясында Орталық саябақта дәстүрлі «Almaty Garden Show» байқауы өтті. Аталмыш байқауға еліміздің барлық өңірлерінен арнайы келген қонақтар қатысса, биыл шет елден де қонақтар келді. 2023 жылы фестивальге 30 000-нан астам қонақ қатысса, биыл да осы шамада болды.

Жалпы, «Almaty Garden Show» фестивалі – Қазақстандағы бау-бақша өнері, ландшафтық дизайн мен қоршаған ортаны абаттандыруға қатысты бірегей халықаралық фестиваль. Осымен XII мәрте өтіп отырған фестваль биыл «Синергия» ұранымен өтті.

Орталық саябаққа жиналған қала тұрғындары мен қонақтары таңғажайып бау-бақшаны аралап кетті. Сәулетіне сән қосар түрлі ландшафтық жобалар көпшілікті тәнті етті. Көншілік ландшаф дизайнерлері мен сәулетшілердің үздік жобаларымен танысты. Сонымен қатар, бұл күні өсімдік питомниктері және бау-бақша өнімдері қызметкерлері бау-бақшаны күтіп-баптау үшін қолданылатын соңғы үлгідегі техникалармен таныстырып, оның қолдану үлгісін көрсетті. Осынау саладағы «Жоғары сән» деп аталатын жаңа жоба да көпшілік көңілінен шықты.

Фестиваль аясында арнайы шақырылған жетекші мамандар балалар мен ересектерге арналған көрнекі интерактивтер мен шеберлік сыныптарын өткізді. Сондай-ақ, қала тұрғындары арасында тақырыптық конкурстар ұйымдастырылып, жүлделі ұтыс ойындары өтті. Мереке соңында фестиваль серіктестерінен бағалы сыйлықтар табысталды.

(Жалғасы 12-бетте).

● V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНАН КЕЙІНГІ ОЙ

# ДҮБІРЛІ ДОДА

## ұмыт қалған көшпенділер рухын оятты



Жаһан жұртының назарын аудартқан байрақты бәсеке – V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны да аяқталды. Дүниежүзілік көшпенділер ойындары алғаш рет Қырғызстанның Чолпон-Ата қаласында өткізілді. Халықаралық жарысқа 2014 жылы 19 елден 10 спорт түрінен 583 спортшы, 2016 жылы 62 елден 26 спорт түрінен 1200 спортшы, 2018 жылы 82 елден 37 спорт түрінен 2000 спортшы қатысты. 2022 жылы 4-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Түркияның Изник қаласында өтіп, 82 елден 13 спорт түрінен 3000 спортшы қатысты. Елордамызда өткен V көшпенділер ойынына 89-дан астам елден шамамен 2500 аса қатысушы қатысты. Ұйымдастырылуы, қатысушылары арасындағы бәсеке тұрғысынан Астана қаласында өткен байрақты бәсекенің орны ерекше болды. Десе де, әрбір халықаралық спорттық шараның мәні де, маңызы да – халықтар арасында достық пен бейбітшілікті спорт арқылы насихаттау. Көшпенділер ойынының ерекшелігі – адамзат танымында ұмытылып, назардан тыс қалып келе жатқан көшпенділер өркениетін қайта жаңғыртып, әлемге жаңа леп әкелді. Мақаламызда бас қаламызда өткен V дүниежүзілік көшпенділер ойындарын қорытындылап көрелік.

***• V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қорытындысы бойынша, Қазақстан 114 медаль жеңіп алды. Жалпы командалық есепте жерлестеріміз 43 алтын, 33 күміс, 37 қола медаль еншілеп, бірінші орын алды. Екінші және үшінші орындарды Қырғызстан мен Ресей құрамалары еншіледі. Байрақты бәсекеге тек көшпенділер өркениетінің мұрагерлері ғана емес, жаһанның барлық құрлығынан тарихын тереңнен алатын спорт өнерін жанына серік еткен кәсіби мамандар қатысты. Дүбірлі додаға кейбір спорт түрлерін тамашалауға алыс шет елдерден ат арылтып мыңдаған туристер келді.***

### Бауырластық бәрінен биік

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне кіреді. 2024 жылы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізуге берген Қазақстанның өтінімін былтыр қыркүйек айында Бүкіләлемдік этноспорт конфедерациясы бірауыздан қолдады. Түркістанда өткен құрылтайда Мемлекет басшысы Көшпенділер ойынының маңызын ерекше атап өткен еді.

Бүгінде байрақты бәсеке аяқталғанымен, ақпарат кеңістігінде ежелден қарт Алатаудың қос бетін қоныс тепкен қазақ пен қырғыз спортшыларының арасында өткен көкпардан финалдық ойын туралы пікір толастамауда.

Біріншіден, халық арасында, БАҚ беттерінде спорттық ойынымыз көкпар туралы көптеп жазылып, кеңінен талқыланғанын жақсылыққа балаймыз. Ат спортынан алыс ағайын, көкпар туралы естіп, спорт түрінің бұқаралық сипат алуына жағымды ықпал етеді.

Екіншіден, спорт дегеніміз ол эмоция, қанша жылғы қажыр мен қайрат, талап пен таланттың қатар келер шағы. Бұл тұрғыда ақпарат айдынында кейбір есім сойы белгісіз тараптардың қазақ пен қырғыз бауырластығына сына қаққысы келіп жатқанын байқадық. Десе де, бүгінде спорттағы бір сәттік жеңісті не жеңілісті емес, ұмыт қалған көшпенділер рухын қайта жаңғыртудағы белсенділік жолын бәсекелер, бауырластықты асқақтатар сәт келді. Бұл тұрғыда көшпенділер ойыны тұтас түркі жұртын біріктіретін дода болуы тиіс. Бауырластық бәрінен биік.

Енді араға екі жыл салып, VI Көшпенділер ойындары Қырғызстанда өтеді. Негізі кезекті ойын Өзбекстан Республикасында өтуі тиіс еді. Ресми Ташкент 2026 жылы спорттық шараны өткізуден бас тартқанымен, толық түсіндіру ақпаратын жарияламады.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары соңғы он жылда аймақтық ұлттық спорт бәйгесі деңгейінен, бүгінде олимпиада деңгейіне жетті. Жыл сайын қатысушылар саны артып, жаһан жұртының асыға күтер ойынына айналды. Сондықтан Өзбекстан тарапының бас тартуы біздіңше ауқымды шараны өткізуге біршама уақыт дайындалып алуға мүмкіндік алғанындай көрінді. Екіншіден, көшпенділер ойындары тек бұрынғы көшпелі халық ұрпақтары арасындағы ойын деген танымнан аулақ болғанымыз жөн. Себебі, бір өркениеттен шыққанымен, оның артықшылығы бұқаралық сипатқа енуінде. Сондықтан бұл дүниежүзілік спорт ойындары алдағы уақытта Еуропа төрінде өтіп жатса, таңқалмаңыз.

Қалай десе де, еліміз V дүниежүзілік көшпенділер ойынын абыроймен өткізіп, құрылымы мен ұйымдастыру деңгейін жаңа бір деңгейге көтерді.



**Нұрболат НЫШАНБАЕВ,**
**сарапшы.**



*Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.*

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Асхат ҚАСЕНҒАЛИ,**
**саясаттанушы:**



### Бұра тартқан жеріміз жоқ, бәрін көзбен көрдік...

***Бесінші дүниежүзілік көшпенділер ойыны қорамсақ толы жебе, ілінген теңге, жауырыны жерге тимес палуандардың күресі, 89 елден келген екі жарым мыңнан астам спортшылар, бір аптаға жуық нағыз сайыс, нағыз жарыс, нағыз эмоцияға толы дүбірлі дода болуымен есімізде қалды. Ойындардың ашылу салтанаты кәсіби, өте жоғары деңгейде өтті. Көкбөрінің ұлыған сәті қанымызды тулатып, сахнадағы Тұмар патшайым, Еділ қаған ішкі рухымызды бір серпілтті. Тоныкөк пен Күлтегіннің сөздері, Батудан бастау алған Алтын Орданың тарихы жайлы тәмсілдер еуроцентристік көзқарасқа жақындаған санамызды бір сілкіп алды.***

***Жабылу салтанаты да жақсы өтті. Ашылудан әсте кем болмады. Әлбетте, ашылу салтанаты мен жабылу салтанатының миссиясы бөлек қой. Дүниежүзілік көшпенділер ойындары халықтар арасындағы бірлікті арттырып, күллі әлем алдындағы жауапты миссиясын толық орындады деп айта аламын. Қорытынды шарада Қазақстан және Қырғызстан спорт министрлері, Дүниежүзілік этникалық спорт түрлері конфедерациясының басшысы Біләл Ердоған сөз сөйледі. Символикалық шарада эстафетаны табыстадық. Келесі ойын 2026 жылы, Қырғызстанда өтеді.***

***Осыдан 10 жыл бұрын бұл ойын Қырғызстанда алғаш ұйымдастырылды. Ол сәтте 19 ел, 600 спортшы қатысқан еді. Биылғы ойында қатысқан елдің саны да, спортшылардың саны да көп болды. Демек, көшпенділер мәдениетіне, ойындарына әлемнің қызығушылығы арта түскен. Астанаға әртүрлі елден туристер келіп жатты. Олар заманында көшпенділердің ұлы өркениеттердің негізін қалағанын көзімен көрді. Ұлттық киімін киіп көрді, ұлттық тағамын жеді, сусынын ішті. Көрмелерді қарап, көзайым болды. Тамсанды, таңқалды. ТикТок пен Инстаграмдарына салып жатты. Тікелей эфир түсірді. Ал келген қонақтарға 1300-ден астам еріктілер таңнан кешке дейін қызмет етті. Бәрі жастар. Тіл білетін, көздерінде оты бар өрендер. Бәріне алғыс. Бірінші орын алып, жеңімпаз атанған Қазақстан құрамасына да алғысым шексіз. Бұра тартқан жеріміз жоқ, бәрін көзбен көрдік.***

ШЕШІМ

*2023 жылғы 28 тамыздағы*
*Алматы қаласы мәслихатының №147 шешімі*

## Қалған өкілеттік мерзіміне шығып қалғандардың орнына учаскелік сайлау комиссияларының жаңадан құрылған сайлау учаскелерінің мүшелерін және сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 10-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес қалған өкілеттік мерзіміне шығып қалғандардың орнына учаскелік сайлау комиссияларының жаңадан құрылған сайлау учаскелерінің мүшелерін және сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау.
2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы**
**мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2024 жылғы 28 тамыздағы*
*№147 шешіміне қосымша*

| **Р/с №** | **Ауданның, қаланың атауы** | **Комиссия түрі (аумақтық, округтік, учаскелік)** | **Округ, учаске нөмірі** | **Тегі, аты, әкесінің аты** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Алматы қаласы | аумақтық | | Гончаров Сергей Борисович |
| 2 | Алмалы ауданы | аумақтық | | Ниязова Гульнара Абилевна |
| 3 | Алмалы ауданы | аумақтық | | Камалбекова Аяулы Куттыбековна |
| 4 | Әуезов ауданы | аумақтық | | Алексеева Любовь Яковлевна |
| 5 | Медеу ауданы | аумақтық | | Мусапирова Арайлым Болатханқызы |
| 6 | Медеу ауданы | аумақтық | | Азимхан Дулат Батырханұлы |
| 7 | Наурызбай ауданы | аумақтық | | Турғанбек Данияр Сауытбекұлы |
| 8 | Түрксіб ауданы | аумақтық | | Курманбаев Талгат Муратович |
| 9 | Алматы қаласы | Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі №3 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы | 3 | Ережепова Жадыра Махсетовна |
| 10 | Алматы қаласы | Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі №4 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы | 4 | Амирханов Абзал Болатұлы |
| 11 | Алматы қаласы | Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі №4 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы | 4 | Абильдаева Толкин Жексенгазиевна |
| 12 | Алматы қаласы | Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі №5 бір мандатты аумақтық сайлау округінің округтік сайлау комиссиясы | 5 | Умирбаева Динара Сейтжановна |
| 13 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №1 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 1 | Нуртаев Пазыл Парынбекович |
| 14 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №1 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 1 | Доланбаева Ляззат Бекбосыновна |
| 15 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №1 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 1 | Сарсебаева Жанар Алтынбековна |
| 16 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №2 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 2 | Байсадыкова Тогжан Максовна |
| 17 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №3 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 3 | Касбакова Бибикуль Айтбаевна |
| 18 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №3 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 3 | Макулбаева Шарзия Есенгелдиевна |
| 19 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №5 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 5 | Хасенов Канат Оралович |
| 20 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №6 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 6 | Әділбек Қанатбек Сәрсенбайұлы |
| 21 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №9 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 9 | Куандык Асем Болаткызы |
| 22 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 10 | Аюпова Гульнар Садыновна |
| 23 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 10 | Турымбетова Жадыра Аманбаевна |
| 24 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 10 | Нурсалимова Айбала Нүсіпханқызы |
| 25 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 10 | Айтуған Нұрбек Махсатұлы |
| 26 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 10 | Рустамова Ақерке Сәкенқызы |
| 27 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №11 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 11 | Акимбай Темірлан Кобланұлы |
| 28 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №11 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 11 | Ахметова Сауле Алимхановна |
| 29 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №11 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 11 | Рахманбердиев Ердос Санатович |
| 30 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №12 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 12 | Дарменова Баян Жанабековна |
| 31 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №14 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 14 | Аршидинова Венера Савирдиновна |
| 32 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №15 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 15 | Калдыбаева Кумысжан Абдлдиновна |
| 33 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №16 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 16 | Утекаева Гульмира Жаксылыковна |
| 34 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №16 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 16 | Таубаева Эльмира Шералиевна |
| 35 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №18 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 18 | Сакенова Айсулу Какимжановна |
| 36 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №18 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 18 | Сарсенова Гулжан Аскаровна |
| 37 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №19 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 19 | Сабденова Шынар Айдарбековна |
| 38 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №20 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 20 | Жусупова Анар Шумановна |
| 39 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №20 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 20 | Қайырлы Әсел Қайырлықызы |
| 40 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №20 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 20 | Шуйкебаева Эльнур Бахытжановна |
| 41 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №21 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 21 | Құнапия Асем Болатқызы |
| 42 | Алматы қаласы | Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №21 бір мандатты аумақтық сайлау округінің аудандық сайлау комиссиясы | 21 | Темірхан Нұргүл Жумагелдіқызы |
| 43 | Алатау ауданы | учаскелік | 3 | Ташимова Улмекен Абдигапбаровна |
| 44 | Алатау ауданы | учаскелік | 3 | Джумагулова Диана Турсынбекқызы |
| 45 | Алатау ауданы | учаскелік | 8 | Тогабоев Рисбек Сапарбекулы |
| 46 | Алатау ауданы | учаскелік | 486 | Муратбаев Ерлан Отанович |
| 47 | Алатау ауданы | учаскелік | 572 | Дуйсенбекова Макпал Паримбековна |
| 48 | Алатау ауданы | учаскелік | 574 | Танаштыбаева Гаухар Авелкановна |
| 49 | Алатау ауданы | учаскелік | 621 | Кулкубаева Гулжан Чалдавбаевна |
| 50 | Алатау ауданы | учаскелік | 637 | Төкен Серік Амангелдіұлы |
| 51 | Алмалы ауданы | учаскелік | 42 | Ербатырова Айғаным Шайкенқызы |
| 52 | Алмалы ауданы | учаскелік | 43 | Ахметжанов Мехрятжан Ахметжанович |
| 53 | Алмалы ауданы | учаскелік | 44 | Сагималиева Зарина Нуркабековна |
| 54 | Алмалы ауданы | учаскелік | 45 | Игиликова Тазагул Есикбаевна |
| 55 | Алмалы ауданы | учаскелік | 46 | Такишева Сандугаш Садуахасовна |
| 56 | Алмалы ауданы | учаскелік | 47 | Дутбаева Назигуль Биляловна |
| 57 | Алмалы ауданы | учаскелік | 48 | Куланова Улбосын Айтжановна |
| 58 | Алмалы ауданы | учаскелік | 52 | Үрпек Тоғжан Қанатқызы |
| 59 | Алмалы ауданы | учаскелік | 53 | Толыкбаева Анар Амантаевна |
| 60 | Алмалы ауданы | учаскелік | 53 | Сельтаева Шынара Бейсехановна |
| 61 | Алмалы ауданы | учаскелік | 56 | Жырғаланова Нұрия Қожақызы |
| 62 | Алмалы ауданы | учаскелік | 56 | Байказакова Макпал Тилепалдиевна |
| 63 | Алмалы ауданы | учаскелік | 57 | Ляпина Зинаида Вячеславовна |
| 64 | Алмалы ауданы | учаскелік | 57 | Нұрділдаев Нұржан Муратұлы |
| 65 | Алмалы ауданы | учаскелік | 59 | Абирова Айнур Асылбековна |
| 66 | Алмалы ауданы | учаскелік | 59 | Абсадыкова Азиза Абильашимовна |
| 67 | Алмалы ауданы | учаскелік | 60 | Сопбек Аскат Рысбекұлы |
| 68 | Алмалы ауданы | учаскелік | 61 | Саматова Алина Бахтияровна |
| 69 | Алмалы ауданы | учаскелік | 62 | Примкулов Амангельды Мудиханович |
| 70 | Алмалы ауданы | учаскелік | 62 | Избасарова Анар Тимахановна |
| 71 | Алмалы ауданы | учаскелік | 63 | Османова Сюзана Кенязьевна |
| 72 | Алмалы ауданы | учаскелік | 65 | Балапанов Нурлан Мухаметкалиевич |
| 73 | Алмалы ауданы | учаскелік | 66 | Дуйсенова Айгуль Барлыбековна |
| 74 | Алмалы ауданы | учаскелік | 67 | Стамбекова Аида Мустафаевна |
| 75 | Алмалы ауданы | учаскелік | 69 | Ильясова Диляра Равильевна |
| 76 | Алмалы ауданы | учаскелік | 70 | Досполова Сауле Амангельдиновна |
| 77 | Алмалы ауданы | учаскелік | 70 | Кайырбаева Алмагул Ахтаевна |
| 78 | Алмалы ауданы | учаскелік | 72 | Тапал Еламан Нурланұлы |
| 79 | Алмалы ауданы | учаскелік | 72 | Тажиметова Эльмира Бекзатовна |
| 80 | Алмалы ауданы | учаскелік | 73 | Шаметов Арман Аскарович |
| 81 | Алмалы ауданы | учаскелік | 81 | Евлахина Татьяна Сергеевна |
| 82 | Алмалы ауданы | учаскелік | 82 | Масимова Жазира Аблизовна |
| 83 | Алмалы ауданы | учаскелік | 84 | Шолпанбаева Самал Нурлановна |
| 84 | Алмалы ауданы | учаскелік | 85 | Макишева Сымбат Замирқызы |
| 85 | Алмалы ауданы | учаскелік | 86 | Тулеубай Арсен Орнарулы |
| 86 | Алмалы ауданы | учаскелік | 86 | Коробова Елена Валерьевна |
| 87 | Алмалы ауданы | учаскелік | 87 | Қабдырахман Ардақ |
| 88 | Алмалы ауданы | учаскелік | 89 | Азимбаева Жанна Медетовна |
| 89 | Алмалы ауданы | учаскелік | 90 | Танабеков Ернат Советович |
| 90 | Алмалы ауданы | учаскелік | 91 | Аманкелдіұлы Айдос |
| 91 | Алмалы ауданы | учаскелік | 91 | Сисенбердиев Темирлан Ерланович |
| 92 | Алмалы ауданы | учаскелік | 95 | Жапарова Индира Салихжановна |
| 93 | Алмалы ауданы | учаскелік | 98 | Манапқызы Гульнур |
| 94 | Алмалы ауданы | учаскелік | 104 | Черепанова Ольга Никтарьевна |
| 95 | Алмалы ауданы | учаскелік | 104 | Ундибаев Даурен Кайратович |
| 96 | Алмалы ауданы | учаскелік | 106 | Жантөре Бибігүл Талғатқызы |
| 97 | Алмалы ауданы | учаскелік | 107 | Баймагулов Максат Мухаметкулович |
| 98 | Алмалы ауданы | учаскелік | 108 | Жунусова Калдыгуль Бигельдиевна |
| 99 | Алмалы ауданы | учаскелік | 110 | Герцен Тахмина Азизжановна |
| 100 | Алмалы ауданы | учаскелік | 120 | Қасымбекова Ұлжалғас Зәкірқызы |
| 101 | Алмалы ауданы | учаскелік | 121 | Якупова Алмагуль Заманбековна |
| 102 | Алмалы ауданы | учаскелік | 630 | Меркибаев Арман Серикұлы |
| 103 | Әуезов ауданы | учаскелік | 124 | Дуанбеков Саят Нурболұлы |
| 104 | Әуезов ауданы | учаскелік | 124 | Байжиенов Роман Болатович |
| 105 | Әуезов ауданы | учаскелік | 131 | Сембаев Кайрат Куанышбаевич |
| 106 | Әуезов ауданы | учаскелік | 132 | Джанбосынов Асхат Берикбаевич |
| 107 | Әуезов ауданы | учаскелік | 134 | Балмахан Гүлдана Қуандыққызы |
| 108 | Әуезов ауданы | учаскелік | 140 | Карпович Наталия Васильевна |
| 109 | Әуезов ауданы | учаскелік | 143 | Жунусов Ержан Жетписбаевич |
| 110 | Әуезов ауданы | учаскелік | 143 | Муханов Максат Сембаевич |
| 111 | Әуезов ауданы | учаскелік | 143 | Кенесов Арнур Ерболович |
| 112 | Әуезов ауданы | учаскелік | 155 | Ушурова Гульмира Узакпаевна |
| 113 | Әуезов ауданы | учаскелік | 155 | Обашева Гузель Сакеновна |
| 114 | Әуезов ауданы | учаскелік | 159 | Кряжевская Оксана Алексеевна |
| 115 | Әуезов ауданы | учаскелік | 162 | Ердембеков Нуржан Батырханулы |
| 116 | Әуезов ауданы | учаскелік | 170 | Раев Абай Жұманұлы |
| 117 | Әуезов ауданы | учаскелік | 179 | Тәжіғұл Мөлдір Серғазықызы |
| 118 | Әуезов ауданы | учаскелік | 181 | Ауельбаева Асем Ондасыновна |
| 119 | Әуезов ауданы | учаскелік | 186 | Момбеков Асан Шоканович |
| 120 | Әуезов ауданы | учаскелік | 187 | Ержанов Жандос Бакдаулетович |
| 121 | Әуезов ауданы | учаскелік | 199 | Шошимов Газиз Талгатович |
| 122 | Әуезов ауданы | учаскелік | 202 | Цапко Зоя Салихановна |
| 123 | Әуезов ауданы | учаскелік | 204 | Үсіпбек Данияр Қамбарбекұлы |
| 124 | Әуезов ауданы | учаскелік | 211 | Шакирбаева Венера Сериковна |
| 125 | Әуезов ауданы | учаскелік | 212 | Акылбеков Қалибек Адилбекұлы |
| 126 | Әуезов ауданы | учаскелік | 212 | Сымтыкова Айнура Тюлегеновна |
| 127 | Әуезов ауданы | учаскелік | 214 | Әлімғожа Шырын Нұргелдіқызы |
| 128 | Әуезов ауданы | учаскелік | 582 | Тоқбосынов Бақберген Бақытұлы |
| 129 | Әуезов ауданы | учаскелік | 586 | Алимбетова Акерке Сейдуллаевна |
| 130 | Бостандық ауданы | учаскелік | 230 | Абдирасилова Майра Шораевна |
| 131 | Бостандық ауданы | учаскелік | 231 | Ковалёв Дмитрий Владимирович |
| 132 | Бостандық ауданы | учаскелік | 233 | Габбас Тимур |
| 133 | Бостандық ауданы | учаскелік | 239 | Ниетбай Саят Ержанұлы |
| 134 | Бостандық ауданы | учаскелік | 242 | Асылханова Гүлнұр Ниязханқызы |
| 135 | Бостандық ауданы | учаскелік | 260 | Асильбаева Нагима Абдуалиевна |
| 136 | Бостандық ауданы | учаскелік | 267 | Сураншиев Нуркен Кененович |
| 137 | Бостандық ауданы | учаскелік | 270 | Садыкова Назира Калпысбековна |
| 138 | Бостандық ауданы | учаскелік | 281 | Фазылова Тахмина Пазыловна |
| 139 | Бостандық ауданы | учаскелік | 282 | Калмуратова Нурия Тасбаевна |
| 140 | Бостандық ауданы | учаскелік | 284 | Серикбаева Айсулу Маликовна |
| 141 | Бостандық ауданы | учаскелік | 285 | Мақұл Айдана Иманбердіқызы |
| 142 | Бостандық ауданы | учаскелік | 289 | Сембеков Ернұр Жанатұлы |
| 143 | Бостандық ауданы | учаскелік | 302 | Жумакожаева Майра Мустафаевна |
| 144 | Бостандық ауданы | учаскелік | 305 | Турсунов Алмат Омарбекович |
| 145 | Бостандық ауданы | учаскелік | 311 | Мусаева Чулпон Абдуллаевна |
| 146 | Бостандық ауданы | учаскелік | 312 | Ахметова Жанна Рабековна |
| 147 | Бостандық ауданы | учаскелік | 493 | Жақыпқызы Аяжан |
| 148 | Бостандық ауданы | учаскелік | 559 | Алиева Элмина Жаладдинқызы |
| 149 | Бостандық ауданы | учаскелік | 567 | Менешева Ирина Есмухановна |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 150 | Бостандық ауданы | учаскелік | 567 | Болысбаев Саят Умиргалиевич |
| 151 | Бостандық ауданы | учаскелік | 654 | Даутова Жанар Оралхановна |
| 152 | Бостандық ауданы | учаскелік | 654 | Абажанова Калия Конысбаевна |
| 153 | Бостандық ауданы | учаскелік | 654 | Тулеубаева Асия Нурлановна |
| 154 | Бостандық ауданы | учаскелік | 654 | Балмухамбетова Гулмира Кабулбековна |
| 155 | Бостандық ауданы | учаскелік | 654 | Нұрғайып Жанель Қанатқызы |
| 156 | Бостандық ауданы | учаскелік | 654 | Жиенбаева Салтанат Газизовна |
| 157 | Бостандық ауданы | учаскелік | 654 | Сатылганова Эльмира Кабылбековна |
| 158 | Бостандық ауданы | учаскелік | 655 | Ажмиева Зауре Болатовна |
| 159 | Бостандық ауданы | учаскелік | 655 | Жаниязова Жаркын Лепесовна |
| 160 | Бостандық ауданы | учаскелік | 655 | Төребек Сәния Досымқызы |
| 161 | Бостандық ауданы | учаскелік | 655 | Ташимов Малика Несбайулы |
| 162 | Бостандық ауданы | учаскелік | 655 | Нұржұма Абылай Джамбулатұлы |
| 163 | Бостандық ауданы | учаскелік | 655 | Білдібай Азамат Берікұлы |
| 164 | Бостандық ауданы | учаскелік | 655 | Акшулакова Гульмира Сахиевна |
| 165 | Жетісу ауданы | учаскелік | 313 | Каирбаев Мурат Манапович |
| 166 | Жетісу ауданы | учаскелік | 321 | Губанова Виктория Андреевна |
| 167 | Жетісу ауданы | учаскелік | 324 | Батан Алтынай Бегәліқызы |
| 168 | Жетісу ауданы | учаскелік | 324 | Полатова Урхия Нуралиевна |
| 169 | Жетісу ауданы | учаскелік | 327 | Аден Аида Жумадуллақызы |
| 170 | Жетісу ауданы | учаскелік | 329 | Жамали Сауле Серикбековна |
| 171 | Жетісу ауданы | учаскелік | 335 | Айтбаева Эльмира Абдувалиевна |
| 172 | Жетісу ауданы | учаскелік | 335 | Аден Жансая Жумадуллақызы |
| 173 | Жетісу ауданы | учаскелік | 335 | Назматова Гульбадям Азатовна |
| 174 | Жетісу ауданы | учаскелік | 338 | Куккузов Темирлан Мерекеевич |
| 175 | Жетісу ауданы | учаскелік | 338 | Қаматаев Нұрбол Керімбайұлы |
| 176 | Жетісу ауданы | учаскелік | 340 | Түлкібаева Акерке Досболқызы |
| 177 | Жетісу ауданы | учаскелік | 340 | Канатова Акмарал Бауржановна |
| 178 | Жетісу ауданы | учаскелік | 340 | Тлегулова Динара Тукетаевна |
| 179 | Жетісу ауданы | учаскелік | 341 | Нурмухаева Карашаш Айтжановна |
| 180 | Жетісу ауданы | учаскелік | 345 | Оспанова Дана Бериковна |
| 181 | Жетісу ауданы | учаскелік | 497 | Абдибекова Жазира Жанайдаровна |
| 182 | Жетісу ауданы | учаскелік | 536 | Мендыбаева Салтанат Ержановна |
| 183 | Жетісу ауданы | учаскелік | 653 | Шаздан Орынбасар Бахытжанұлы |
| 184 | Жетісу ауданы | учаскелік | 653 | Қанатбекова Назерке Сағымбекқызы |
| 185 | Жетісу ауданы | учаскелік | 653 | Наубаева Самал Абдрасыловна |
| 186 | Жетісу ауданы | учаскелік | 653 | Нурманова Айгерим Даулетовна |
| 187 | Жетісу ауданы | учаскелік | 653 | Аубакирова Айгуль Рашитовна |
| 188 | Жетісу ауданы | учаскелік | 653 | Бейбітқызы Айгүл |
| 189 | Жетісу ауданы | учаскелік | 653 | Халиков Бахыт Нургалиевич |
| 190 | Медеу ауданы | учаскелік | 382 | Досанова Лэйлагуль Тайжановна |
| 191 | Медеу ауданы | учаскелік | 384 | Өмірзақ Айнұр Ерланқызы |
| 192 | Медеу ауданы | учаскелік | 387 | Солтанбекова Айгерим Багашаровна |
| 193 | Медеу ауданы | учаскелік | 389 | Қызайбай Жанна Жанатқызы |
| 194 | Медеу ауданы | учаскелік | 391 | Дуненбаев Нуржан Нурланулы |
| 195 | Медеу ауданы | учаскелік | 391 | Семёнов Дмитрий Александрович |
| 196 | Медеу ауданы | учаскелік | 395 | Тарасов Роман Евгеньевич |
| 197 | Медеу ауданы | учаскелік | 401 | Жаканов Алиби Айдарович |
| 198 | Медеу ауданы | учаскелік | 409 | Устименко Денис Андреевич |
| 199 | Медеу ауданы | учаскелік | 410 | Ерекеева Меруерт Серикболқызы |
| 200 | Медеу ауданы | учаскелік | 418 | Джумаходжиева Райгул Сарсебасовна |
| 201 | Медеу ауданы | учаскелік | 576 | Турдалиева Ботагоз Саитовна |
| 202 | Медеу ауданы | учаскелік | 623 | Сырымбетқызы Жанна |
| 203 | Медеу ауданы | учаскелік | 623 | Абсиметов Аскар Кенжебаевич |
| 204 | Медеу ауданы | учаскелік | 623 | Алимжанова Перизат Бахбергеновна |
| 205 | Медеу ауданы | учаскелік | 623 | Оңғарбаева Нәзерке Мұратбекқызы |
| 206 | Медеу ауданы | учаскелік | 623 | Мендебаева Айдана Ескендиркызы |
| 207 | Медеу ауданы | учаскелік | 656 | Жусекеев Жандос Болатбекович |
| 208 | Медеу ауданы | учаскелік | 656 | Сарманов Мейрамбек Серикович |
| 209 | Медеу ауданы | учаскелік | 656 | Өмербай Мұхтар Сәкенұлы |
| 210 | Медеу ауданы | учаскелік | 656 | Рахимбердиева Баян Телемисовна |
| 211 | Медеу ауданы | учаскелік | 656 | Мягков Вадим Викторович |
| 212 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 505 | Игембаев Багдат Садуахасулы |
| 213 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 511 | Капсаланов Мурат Советкалиевич |
| 214 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 513 | Арын Олжас Омарұлы |
| 215 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 514 | Амиркулова Айгуль Кенесбековна |
| 216 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 517 | Ибраева Сауле Рахимгалиевна |
| 217 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 517 | Радилова Гульзира Какимбековна |
| 218 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 626 | Туреева Айнагуль Акилбековна |
| 219 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 629 | Иманбаева Гульмира Багыбековна |
| 220 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 643 | Турусбаев Талгат Курмангалиевич |
| 221 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 648 | Ондыбаева Алтынгул Алимбековна |
| 222 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 648 | Кушкелдиев Самат Бактысиыкович |
| 223 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 648 | Искакова Арайлым Салтанатовна |
| 224 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 648 | Сандыбаева Мейрамгуль Курманбаевна |
| 225 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 648 | Мухамеджанова Альвира Ажихановна |
| 226 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 648 | Әбделі Аблайхан Серікұлы |
| 227 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 648 | Бекбол Айзада Бекболқызы |
| 228 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 649 | Тұрсынбай Феруза Файзұллақызы |
| 229 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 649 | Досмаханова Молдир Омаровна |
| 230 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 649 | Нұртөреқызы Нұрзия |
| 231 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 649 | Әбілғазиева Айгерім Исебайқызы |
| 232 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 649 | Нүкешева Айнұр Мұратқызы |
| 233 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 649 | Шипунов Иван Александрович |
| 234 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 649 | Қуат Маржан Әбдіғалиқызы |
| 235 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 650 | Даулбаева Айнур Муратовна |
| 236 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 650 | Зиябеков Нурлан Тугамбекович |
| 237 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 650 | Аскербекова Заура Аскербековна |
| 238 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 650 | Есахмедов Орынбасар Артыкович |
| 239 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 650 | Корганбаева Гульшат Сатыпалдыевна |
| 240 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 650 | Тулегенова Саягуль Несипжанкызы |
| 241 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 650 | Пайыз Әлихан Мәлікұлы |
| 242 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 651 | Ходжанова Бибигул Сайдуллаевна |
| 243 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 651 | Мустахимова Раушан Аскаровна |
| 244 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 651 | Барлыбаева Гаухар Сакеновна |
| 245 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 651 | Абашов Айбол Берікұлы |
| 246 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 651 | Айып Гүлжан Нұрмаханқызы |
| 247 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 651 | Бралина Назия Ғалымқызы |
| 248 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 651 | Жалмукашева Әдемі |
| 249 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 652 | Темірхан Алмас |
| 250 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 652 | Тезекбаева Нургуль Абдигалиевна |
| 251 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 652 | Абдирова Таншолпан Серикқызы |
| 252 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 652 | Адилбеков Аскар Ерланович |
| 253 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 652 | Доспанбетова Наз |
| 254 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 652 | Жумагельдинов Фархат Айтбекович |
| 255 | Наурызбай ауданы | учаскелік | 652 | Саутов Абай Сапарғалиұлы |
| 256 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 422 | Мансорова Дилфуза Молотовна |
| 257 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 425 | Куманикина Ольга Митрофановна |
| 258 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 426 | Байкенова Кульшира Валихановна |
| 259 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 426 | Юнусова Бахтинур Таиржановна |
| 260 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 428 | Амельченко Виктория Валерьевна |
| 261 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 434 | Нурмашев Саят Молдахметович |
| 262 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 436 | Досанова Молдир Маратовна |
| 263 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 446 | Избасарова Гулим Куатбековна |
| 264 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 480 | Шуканаев Мурат Танбаевич |
| 265 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 521 | Ходжаева Зауре Закировна |
| 266 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 594 | Айбосынова Салтанат Бейсенбаевна |
| 267 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 607 | Смағұлова Айнұр Тұрсынәліқызы |
| 268 | Түрксіб ауданы | учаскелік | 607 | Жәнетов Жасұлан Ізбасқанұлы |

## ҚАУЛЫ

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2024 жылғы 13 қыркүйек №3/373-1887 қаулысы*

# Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-495:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 7, 8 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Пак Аделана | 20-322-003-159 (20-312-951-026) | «Қалқаман-2» шағынауданы, Бәйкен Әшімов көшесі, 2Г | 0,0912 |
| 8 | Пак Аделана | 20-322-003-160 | «Қалқаман-2» шағынауданы, Бәйкен Әшімов көшесі, 2В учаске | 0,1086 |

».

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-496:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 14 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14 | Нуржанова Улжан Мирзакуловна | 20-312-044-432 | «Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 22 | Жалпы - 0,0999 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0352 |

».

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 26 қазандағы №4/524-646:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 2 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Хамраев Шаукет Курбанджанович | 20-312-044-655 | «Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 8 | 0,0434 |

»;

реттік нөмірлері 23, 24, 25 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 23 | Кожалимов Дилмурат Мирзалимович, Кожалимова Адилям Аблизовна | 20-312-047-096 | «Достық» шағынауданы, Аққөгершін, көшесі, 48 | Жалпы - 0,1382 үлесі - 0,0718 |
| 24 | Сайдуллаева Мубарахан | 20-312-047-096 | «Достық» шағынауданы, Аққөгершін, көшесі, 48 | Жалпы - 0,1382 үлесі - 0,0664 |
| 25 | Исмаилов Турган Исраилович | 20-312-047-152 | «Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 34 | Жалпы - 0,0977 үлесі -0,0488 |

»;

реттік нөмірі 29 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 29 | Миргиясов Ильяс Курванжанович, Рахимова Ажарбуви | 20-312-044-408 | «Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 26, 1-корпус | Жалпы - 0,0858 үлесі - 0,0429 |

»;

реттік нөмірі 41 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 41 | Атейбекова Люба, Бекбосынова Ляйлим Бекмуханбетовна, Бекбосынов Руслан Бекмуханбетович, Бекбосынов Рустем Бекмуханбетович, Бекбосынов Мади Бекмуханбетулы, Бекбосынов Дархан Бекмуханбетович, Бекмуханбетов Талгат Хакимович | 20-322-001-010 | «Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 1 | Жалпы - 0,2306 үлесі - 0,0724 үлесі - 0,0598 |

»;

реттік нөмірлері 55, 56 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 55 | Бочаров Андрей Александрович, Бочарова Елена Владимировна | 20-322-001-044 | «Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 18, 1-пәтер | Жалпы - 0,0931 үлесі - 0,0497 |
| 56 | Измагомбетов Марат Сиркалиевич, Измагомбетова Жулдуз Абдраймовна | 20-322-001-044 | «Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 18, 2-пәтер | Жалпы - 0,0931 үлесі - 0,0434 |

»;

реттік нөмірі 70 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 70 | Меренова Вера Андреевна, Матвиец Александр Владимирович | 20-322-010-308 | «Кайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 19 | 0,0627 |

»;

келесі редакциядағы реттік нөмірі 105 жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 105 | Исмаилов Турсун Исраилович | 20-312-047-152 | «Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 34 | Жалпы - 0,0977 үлесі - 0,0489 |

».

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 23 қаңтардағы №1/1-18:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 5 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Шакенова Сауле Шаяхметовна | 20-322-003-027 | «Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 2 | Жалпы - 0,1696 үлесі - 0,1302 |

».

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 29 ақпандағы №1/1-85:

қосымшадағы:

реттік нөмірі 16 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | Рымова Гульвира Канатовна, Алпысбай Ару Аскатқызы, Алпысбай Алмаз Аскатұлы | 20-321-069-124 | «Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 7 | 0,0680 |

»;

реттік нөмірі 43 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 43 | Тян Эльдар Эдвардович, Тезекпаева Алина Эдвардовна, Ким Елена Илларионовна | 20-321-069-555 | «Алғабас» шағынауданы, Зұлпықар көшесі, 2 | иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0128 Жалпы - 0,1000 |

»;

реттік нөмірі 48 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 48 | Юсупов Садувакас | 20-321-069-589 | «Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 3 (33А) | Жалпы - 0,1193 үлесі - 0,0660 |

»;

реттік нөмірі 63 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 63 | Ногина Вера Всеволодовна | 20-321-069-923 | «Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 18 | Жалпы - 0,0800 үлесі - 0,0400 |

»;

аталған қаулының қосымшасындағы:

келесі редакциядағы реттік нөмірлері 71,72,73 жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 71 | Ногин Иван Сергеевич | 20-321-069-923 | «Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 18 | Жалпы - 0,0800 үлесі - 0,0400 |
| 72 | Джаппаров Сарсенбек Джумабекович, Сарсенбекулы Нурдаулет | 20-321-069-589 | «Теректі» шағынауданы, Бегайым көшесі, 33 (3) | Жалпы - 0,1193 үлесі - 0,0533 |
| 73 | Джаболдинова Жазира Жумажановна | 20-321-069-2055 | «Теректі» шағынауданы, Ақтілек көшесі, 11 | 0,0700 |

».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі** **Е.ДОСАЕВ**

# «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

## «Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

**«ALMATY AQSHAMY»** – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

**«ALMATY AQSHAMY»** жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **aqshamnews.kz** сайтынан да оқыңыздар!

## «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503 (жеке жазылушылар үшін)** 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)** 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге

**Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.**

**Құрметті оқырмандар!**

**«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.


## РЕСМИ БӨЛІМ

«Алматы қаласы қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі **«Баум тоғайды қалпына келтіру»** қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: 2024 ж., 31 қазан, сағат 11.30 Алматы қаласы, Байзақов көшесі, №303, Алматы қаласы қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы ғимаратында.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректерін: **«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА БАСҚАРМАСЫ»** КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ» Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекенжайы: uprirp@mail.ru. Телефон: 8 707 070 20 01.

Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы: https://ecoportal.kz/

Жұртшылық өкілдерінің жоба материалдарымен қағаз түрінде танысу мүмкін болатын орнының мекенжайы: Шымкент қаласы, Добролюбова көшесі, 6 А.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері «Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық; шаруашылығы, жолаушылар көлік, автомобиль жолдары және тұргын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі: (почта) мекенжайы: Алматы қаласы, Байзаков көшесі, №303. ЖСН, БСН: 24040014875.

Тапсырыс берушінің ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет ресурсының немесе электрондық поштасының мекенжайы: https://ecoportal.kz/, uprirp@mail.ru., too.ulmad@mail.ru тед. 8 (7252) 31-82-30.

## Әйел кәсіпкерлерге арналған «Үміт» атты жаңа бағдарлама басталады

«Үміт» бағдарламасы кәсіпкерлерге бизнесті дамыту үшін мол мүмкіндіктер ұсынады. Бағдарламаны іске қосу үшін бөлінген бастапқы қаражат – 10 миллиард теңге. Бұл бағдарлама аясында Қазақстанның барлық өңірі, соның ішінде ауыл, шағын және моноқалалардағы кәсіпкер әйелдер екінші деңгейлі банктер арқылы несие ала алады. Инвестиция және айналым қаражатын толықтыруға берілетін несиенің максимал мерзімі – 84 айға дейін, шекті сомасы 100 миллион теңге.

Қолдау экономиканың барлық секторларын қамтиды. Тек қаржы және сақтандыру саласы, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар және көтерме-бөлшек сауда ғана кірмейді.

Сондай-ақ, бағдарлама аясында аруларға «Даму» Қоры Еуропа қайта құру және даму банкімен (EBRD) әріптестігі аясында тегін оқу курстары мен тренингтер ұсынады. Бұл халықаралық ұйыммен бірлескен бағдарлама кәсіпкер әйелдерге бизнесті басқару және нарықтағы табысты бәсекелестік үшін қажетті кәсіби машық, білім мен құралдарға ие болуға мүмкіндік береді.

Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау шаралары әйелдер басқаратын кәсіпорындар санын жыл өткен сайын арттыратынын атап өткен жөн. Бұл туралы «Даму» Қорының Басқарма төрайымы Гаухар Бурибаева: ***«Үкімет Қазақстандағы шағын және орта бизнесті, оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға көп көңіл бөледі. Шағын және орта бизнес иелері құрылымындағы әйел кәсіпкерлердің үлесі «Даму» Қоры қолдаған жобалардың жалпы санының 47%-ына жетті. Қор жұмыс істей бастаған уақыттан бері әйел кәсіпкерлердің 96 мың жобасына 2893 млрд теңге сомасында қолдау көрсетті. Бизнестегі арулар бизнес-идеяларын жүзеге асыру, компаниясын дамыту мен жаңа жұмыс орындарын ашу үшін берілген мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланатыны қуантады»,*** – деп мәлімдеді.

«Даму» Қоры – Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамытуды көздейтін мемлекеттік қолдау құралдарын жүзеге асыратын қаржы агенттігі. Қордың жалғыз акционері – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ.

## БРИФИНГ

# «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына ие болыңыз!

**Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасы «Ұлыс» ғылыми-зерттеу орталығы» ҚҚ-мен бірлесіп, «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тағайындауға қатысты конкурстың басталғанын хабарлап, осы грантқа ие болу мүмкіндігі туралы баяндалы.**

**Рая ЕСКЕНДІР**

Қолға алынып отырған бағдарлама негізінен жастар бастамаларын қолдауға бағытталған. Сондықтан бұл бағдарламаға 14 пен 35 жас аралығындағы Алматы тұрғындарының қатысуына болады. Олар өз жобаларын іске асырса, 1 000 000 теңге алуға мүмкіндік туады. Жалпы, гранттар алты бағыт бойынша бөлінеді:

**1. Ғылым:** жас ғалымдар мен олардың зерттеулерін қолдау.

**2. Мәдениет:** мәдени мұраны сақтауға және насихаттауға бағытталған жобалар.

**3. Ақпараттық технологиялар:** цифрлық трансформация үшін жаңа IT шешімдерін әзірлеу.

**4. Бизнес:** стартаптар мен бизнес-бастамаларды қолдау.

**5. Медиа:** жас ұрпақ үшін сапалы контент жасау.

**6. Волонтёрлік:** әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған бастамалар.

Брифингте тағайындалып отырған гранттың жастарға өз идеяларын жүзеге асыруға және қала мен елдің дамуына үлес қосуға бірегей мүмкіндік екені баса айтылды.

*«Біз жастарымыздан шығармашылық идеялар күтеміз. Бәріңізді гранттық конкурсқа қатысуға шақырамыз. Қатысушылардың бәріне шабыт, табыс және өз жобаларын табысты іске асыруды тілейміз»,* – дейді Жастар саясаты басқармасының жастарды әлеуметтендіру және Жастар бастамаларын қолдау бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Беккайыров.

**RS: Грант иегері атанғыңыз келсе, өтініміңізді өткізіңіз! Құжатты қабылдау 16 қыркүйекте басталып, 2024 жылдың 16 қазанына дейін жалғасады.**

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен Адам саудасы бойынша қылмыстардан зардап шеккендермен жедел байланысты қамтамасыз ету мақсатында Адам саудасы бойынша қылмыстар құрбандарына бірінші дәрежелі медициналық, психологиялық көмек көрсету және оларды арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету баспаналарына қайта бағыттау үшін «Call Center» қызметі құрылғанын хабарлаймыз. 8 707 774 30 60.

**Жобаны ұйымдастырушы: «Адырна» ҰЭБ» қоғамдық қоры.**

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен алғашқы медициналық, психологиялық және заңгерлік көмек көрсету мақсатында алкоголизмнен, нашақорлықтан және ойынға тәуелділіктен зардап шеккендермен жедел байланысуды қамтамасыз ету мақсатында «Call-орталығы» құрылғанын хабарлаймыз. 8 707 133 50 90.

**Жобаны ұйымдастырушы: «Адырна» ҰЭБ» қоғамдық қоры.**


ALATAU AQPARAT MEDIA HOLDING

Бас директор – **Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**

**Қабылдау бөлмесі:** тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары – **Абдухалил ЖАЛИЛОВ** тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары – **Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА** тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Төрехан ДАНИЯР** тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары – **Әнуарбек ӘУЕЛБЕК** тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы – **Серік ЖҰМАБАЕВ** тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – **Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ** тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор – **Куаныш ДЮСКАЛИЕВ** тел: 293-08-12. E-mail: **rekalatauaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: **rekalatauaqparat@gmail.com** тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері: **Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**
**«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 708 334 30 47 whatsApp, 8 777078 53 48 (Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз**

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі: «Alataý Aqparat» ЖШС.**
E-mail: **alatauaqparat@gmail.com**
Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет -ның компьютер орталығында терілiп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

# АЛМАТЫ - БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ





*(Басы 6-7-беттерде)*

## «KITAP FEST ALMATY» КІТАП ФЕСТИВАЛІ ОНЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТТІ

**Алматыдағы Арбат алаңы әркім іздегенін тапқан нағыз кітап патшалығына айналды. Мерейтойлық кітап фестиваліне мыңдаған адам келді.**

Алматы қаласы әкімдігі Мәдениет басқармасы және қаланың Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қолдауымен «BAURZHAN foundation» қоры ұйымдастырған «Kitap Fest Almaty» кітап фестивалі өзінің он жылдығын атап өтті. Іс-шара қала күні қарсаңында мегаполистің ең ірі мәдени оқиғасына айналды. 2014 жылы бастау алған фестиваль бүгінде әдеби мәдениетті насихаттаудың бірегей платформасы ретінде танылған және бұл дәстүрден биыл да жаңылған жоқ. Ерекшелігі сол, фестиваль 10 жылда алғаш рет екі күн қатарынан өтті, бұл мегаполистің кітапсүйер қауымын қуантпай қоймады.

«Келешек кітабы» ұранымен өткен мерейтойлық фестиваль түрлі бағдарламасы және кең ауқымымен таңқалдырды. **Фестивальдің негізін қалаушы Жұлдыз Омарбектің** айтуынша, «Kitap Fest Almaty» кітапсүйер қауымды, авторларды және әдебиет саласындағы жетекші сарапшыларды біріктірген қазақстандықтар үшін нағыз мереке болды. Ол фестиваль кітапқа деген сүйіспеншіліктің символына және Қазақстандағы кітап мәдениетін дамытудағы маңызды кезеңге айналғанын атап өтті.

*«Кітап – ұлт руханиятын дамытып, жас буынды ізгілікке тәрбиелеуде аса маңызды рөлге ие. Kitap fest-тің басқа фестивальдерден айырмашылығы неде? Біріншіден, Kitap fest – бұл Қазақстандағы жалғыз кітап фестивалі. Екіншіден, бұл жай ғана кітап жәрмеңкесі емес, біз мәдениетті және оқуға деген сүйіспеншілікті насихаттаймыз. Әрбір кітаптың өз оқырманы бар. Сол сияқты, әр жазушының да өз аудиториясы бар. Жобаның мақсаты оқырман мәдениетін дамытып, жазушылар мен оқырманға кездесу алаңын ұйымдастыру.*

Фестиваль өткен екі күнде көрермендер көптеген интерактивті орындар арқылы кітап әлемін шарлады. Қазақстандық жазушылармен кездесулер, балаларға арналған түрлі шеберлік сыныптары, көрмелер мен конкурстар келушілердің назарынан тыс қалмады. Жетекші баспалар мен кітап дүкендерінің жәрмеңкелері кез келген талғамға сай кітаптар ұсынды, ал танымал тұлғалармен кездесулерде қазіргі әдебиеттегі трендтер мен жетістікке жетудің құпиялары айтылды.

Фестивальге 70-тен астам кітап дүкендері мен баспалар қатысты, жүздеген пікір жетекшілері сөз сөйледі сондай-ақ, қазақстандық авторлардың сиясы кеуіп үлгермеген 50-ге жуық жаңа кітаптың тұсауы кесілді. Фестиваль қатысушылары әдебиеттегі болашақ тенденциялар туралы ой өрбітіп, мұндай іс-шаралар елдің мәдени өсуі мен дамуына ықпал ететінін атап өтті.

*«Биыл біз алғаш рет баспа ретінде қатысып отырмыз. Байқағанымыз –көркем әдебиет, балалар әдебиеті, нонфикс жанры, олардың барлығы бізде өте жақсы дамыған. Алайда, ғылыми бағыттағы әдебиеттер мен баспалар өте аз. Сондықтан біз, былайша айтқанда, осы салаға үлес қосқымыз келеді. Келген қонақтар мен оқырмандардың шынайы көзқарасы мен қызығушылығы бізді бейжай қалдыра алмайды. Фестивальге жыл сайын қатысамыз деп үміттенеміз»,* **– деп атап өтті Qalan Publishing басшысы Садық Шерімбек.**

Аталмыш шараға шетелдік қонақтар да қатысты. Түркия елшілігінің өкілі **Айхан Коркмаз** фестивальдің ауқымы мен форматына таңданыс білдіріп, мұндай іс-шаралар арқылы мәдени тәжірибе алмасу және халықаралық байланыстарды нығайтудың маңыздылығына тоқталды.

*«Фестивальдің 10 жылдығы өте керемет өтіп жатыр! Мұндай іс-шаралар қоғам үшін, әсіресе жастар үшін өте маңызды. Біздің мақсат екі ел арасындағы терең, тарихи және бауырластық байланысты көрсету. Фестивальмен әрі қарай да ынтымақтастығымызды арттырамыз деген үміттемін».*

«Kitap Fest Almaty» оқу мәдениеті жай хобби емес, тәрбие мен білімнің маңызды элементі екенін тағы бір дәлелдеп берді. Фестиваль тек мәдени мереке ғана емес, сонымен қатар, білімді және кітапқұмар қоғам құруға бағытталған маңызды қадам болды. Фестивальге келгендер мұндай оқиғалардың кітапқа деген қызығушылықтың артуына ықпал ететінін және жаңа жетістіктерге шабыттандыратынын айтты.




Суреттi түсiргендер С.ҚҰСАЙЫНОВ, Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

### ● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Омар МАМЕДОВ,**
**«Мамедов» шаруа қожалығының басшысы:**

***– Алматының туған күніне жыл сайын қатысамыз. «Apple Fest» мерекесіне тұрақты түрде қатысып келе жатқанымызға тура 10 жылдан асты десем де болады. Жыл сайын тонналап өнім әкеліп, тек бос жәшіктерімізді алып қайтамыз. Бұл жақсы емес пе? Бізге осындай мүмкіндікті жасап жатқан Алматы қаласы әкімдігіне рахмет! Өзіміз Еңбекшіқазақ ауданындағы «Қаракемер» деген ауылдан келдік. Сол жерде 4 гектардан астам жеріміз бар. Алманың 5-6 түрлі сортын өсіреміз. Алма өсіру – біздің ата кәсібіміз. Кезінде ата-бабамыз бау-бақша егуді кәсіп етсе, енді біз сол жолды жалғастырып жатқан жәйіміз бар. Жалпы, біздің Мамедовтер әулеті түгел алма өсірумен айналысамыз. Біз шаруа қожалығында өсірген өнімдерімізді ысырап етпей, халық пайдасын көрсе дейміз. Өз ауданымыздың әкімшілігі де өнімдерімізді жеткізу үшін көлік бөліп, барлық жағдайды жасап жатыр. Оған да рахмет! Алыстан келген еңбегіміз текке кетпеді. Алмамызды түгел сататын түріміз бар.***

### СПОРТТЫҚ АЛАҢ АШЫЛДЫ

***Медеу ауданында Қала күніне орай спорт алаңқайы ашылды. Спорт алаңы баскетбол, скейтбординг сынды спорттың түрлеріне қызығатын жастарды қолдау мақсатында салынып отыр.***

***Төле би мен Орманов көшелерінің қиылысындағы бұл кешеннің ерекшелігі, көпірдің астында орналасқан. Қала тұрғындары мен қонақтары кез келген уақытта келіп, спортпен айналыса алады.***

***Ашылу салтанатынан кейін ерлер мен әйелдер арасында баскетболдан жарыс ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды.***

***«Халықты, әсіресе, жастарды салауатты өмір сүруге, спортқа баулуға әсер етеді. Қазіргі таңда баскетбол және скейтбордингке қызығатын әуесқой спортшылар көбейіп келеді. Спортты серік еткен жастар жыл он екі ай шұғылдана алады. Сондай-ақ, бұл алаңда спорттық іс-шаралар өтеді», – дейді Медеу ауданы әкімі аппаратының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдар Еркінұлы.***

## ҚЫРДЫҢ ҚЫЗЫЛ ГҮЛІНДЕЙ...

Қала күні Тұңғыш Президент саябағына ағылған шаһар қонақтары мен тұрғындардың санында есеп болмады. Оның үстіне ауа райының да дәл көктемнің күніндей жарқырап тұруы мерекенің көңілді өтуіне септігін тигізді. Саябақтың орталық есігінен кірген қонақтар алдымен «Алма Fest» фестивалінің ашылуы салтанатына қатысты. Қаз-қатар тізілген шаруа қожалықтары өз өнімдерін қала тұрғындарына ұсынуды бастап та кетті. Жалпы, биылғы жәрмеңкеге қатысушылар саны жылдағыға қарағанда анағұрлым көп болды. Мәселен, былтырғы жылғы жәрмеңкеде алма сорты аздап көрінсе, биыл Алматы облысынан келген 45 шаруа қожалығы 30 түрлі алма сортын әкелген көрінеді.

Сонымен, «Алма-Fest» жәрмеңкесі аясында қала тұрғындары дәмі тіл үйірген алмаға қарық болды. Тіпті, мерекеден құр қол қайтқан адам болмады. Осынау алма мерекесі аясында қалалықтар алманың қолға түсе бермейтін бірнеше сортының дәмін татты. Алматы тұрғындары үшін дәмі тіл үйірер алманың бірнеше түрін таңдап, керегінше алуларына мүмкіндік туды. Әсіресе, «Алматы апорты серіктестігі» қып-қызыл апорттың келісін 100 теңгеден ұсынды. Бұл күні саябақ аумағында түрлі концерттер, ашық аспан астындағы кинотеатр, көрмелер, қолөнершілер жәрмеңкесі, балалар ойын алаңдары, фотоаймақтар, спорттық ойындарға арналған аймақтар және т.б. іс-шаралар ұйымдастырылды.

## ТҮЙІН:

**Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен ашық аспан астында өткен салтанатты іс-шаралар қала тұрғындарына ерекше көңіл күй, жастарына шадыман шабыт сыйлады. Халық көп жиналатын қоғамдық орындар түрлі инсталляциямен, көздің жауын алатындай гүлді декорациялармен безендіріліпті. Айтулы мерекеде қаланың дамуына түрлі сала бойынша үлес қосқан азаматтардың еңбектері еленіп, марапаттар табысталды. Танымал өнер жұлдыздарының концерті, түрлі фестивальдар мен жарыстарға ұласқан мереке отшашумен аяқталды.**

**Бетті әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР, Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Олжас ЖОЛДЫБАЙ, Досбол АТАЖАН, Гүлжанат СЕМБАЕВА.**